

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрілігі
Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы

Қаратау құрылыс – техникалық колледжі



Қаратау құрылыс – техникалық колледжінің 2019-2020 оқу жылында жүргізілген оқу, оқу – әдістемелік, ғылыми – шығармашылық және тәрбие жұмыстары бойынша қорытынды
Е С Е Б І

Қаратау 2020 жыл

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	6
1. ОҚУ ОРНЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ.....	7
1.1. Колледждің құрылымы және материалдық -техникалық базасы.....	7
1.2. Оқытушылардың сандық және сапалық құрамы.....	9
2. ОҚУ - ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР.....	11
2.1. Оқу жұмысы.....	11
2.2. Оқытушылардың оқу жүктемелері.....	14
2.3. Білімгерлердің оқу үлгерімі және қозғалысы.....	15
2.4. Әдістемелік жұмыстар.....	19
2.4.1. 2019-2020 оқу жылындағы колледж педагог кадрларының біліктілігін арттыру туралы мәлімет.....	21
2.4.2. 2019-2020 оқу жылындағы колледж педагог ккадрларының мекемеден біліктілігін арттыру туралы мәлімет.....	22
2.4.3. Облыстық, республикалық және халықаралық семинар-кеңестерге, конференцияларға оқытушылар мен студенттердың қатысуы.....	22
2.4.4. Оқу процесіне енгізілген инновациялық технологиялар.....	23
2.4.5. Семинарлар.....	25
2.4.6. Циклдік-әдістемелік комиссиялар бойынша әдістемелік кабинеттің сараптамасы.....	26
2.4.7. Апталықтар.....	32
2.4.8. Ашық сабақтар.....	40
2.4.9. Олимпиадалар.....	40
2.4.10 Байқаулар.....	41
2.4.11. Ғылыми - ізденіс жұмысы.....	44
2.4.12 Әдістемелік қызметтің мақсаты мен міндеті және бағыттарына сәйкес колледждің 2019-2020 оқу жылында атқарған әдістемелік жұмысы.....	45
2.4.13 Республикалық, облыстық олимпиадаларға білімгерлердің қатысуы	48
2.4.14 Әдістемелік кеңестің шешімі бойынша атқарылған жұмыстар.....	48
3. АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖӘНЕ САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ.....	52
3.1. Ақпараттық - коммуникативтік технологиялары.....	52
3.2. Қашықтықтан оқыту технологиясы.....	55
3.3. Электронды оқулықтар	56
3.4. Сапа менеджменті жүйесі.....	58
4. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫ.....	60

4.1.	Оқырмандар құрамы.....	60
4.2.	Мерзімді басылымдармен жұмыс	61
5.	ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ.....	62
5.1.	ЖИТС-ке, нашақорлыққа , наркобизнеске қарсы бағдарламалардың орындалуы бойынша атқарылған жұмыстар.....	64
5.2.	Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағытында атқарылған жұмыстар.....	65
5.3.	Жүргізілген рейдтер және ақпарат	66
5.4.	Дене шынықтыру және бұқаралық спортты дамыту жұмыстары.....	69
5.5.	Топ жетекшілер кеңесі жұмысы.....	70
5.6.	Қашықтықтан оқыту кезеңінде жүргізілген тақырыптық тәрбие сағаттары мен жұмыстары.....	71
5.7.	«Қыздар-ай» өыздар кеңесінің жұмысы.....	74
5.8.	Колледж жатақхана кеңесінің жұмысы.....	76
5.9.	Жастар ісі жөніндегі комитетінің жұмысы.....	78
5.10.	Педагог-психологтың жұмысы.....	82
5.11.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған іс-шаралардың орындалуы.....	84
5.12.	«Рухани жаңғыру» бағдарламасын орындау.....	85
6.	«ЖАСЫЛ ЕЛ» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ЕҢБЕК СЕМЕСТРІ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР.....	87
6.1.	«Жасыл ел» бағдарламасы	87
7.	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫҢ «ТІЛ ТУРАЛЫ» ЗАҢНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ БОЙЫНША ЖӘНЕ ҮШ ТІЛДЕ БІЛІМ БЕРУДІ НАСИХАТТАУ МАҚСАТЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР.....	88
8.	ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ ОҚУ - ӨНДІРІСТІК ІС – ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ҰЙЫМДАТЫРЫЛУЫ.....	89
8.1.	Оқу шеберханалары. Оқу іс-тәжірибелерінің жүргізілуі жұмысшы күзінеттілігі бойынша чемпионаттар ұйымдастыру.....	89
8.2.	Оқу тәжірибелерін мекемелермен байланыстыру	90
8.3	Техникалық үйірмелердің жұмыстары.....	97
8.4	Дуальді оқытуда әлеуметтік серіктестермен жұмыс.....	93
8.5	Өндірістік тәжірибелердің ұйымдастырылуы.....	93
8.6	Оқу-өндірістік тәжірибелерінің жылдық қорытындысы.....	95
9.	МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІКТІЛІК ЕМТИХАНДАРЫ МЕН ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚОРҒАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ.....	96
9.1	Мемлекеттік емтихандардың қорытындысы.....	97

9.2	Дипломдық жобаны қорғаудың сапалық нәтижесі.....	97
10	ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАР.....	99
11.	БІТІРУШІ КУРС БІЛІМГЕРЛЕРІН АЛДЫН АЛА ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ.....	100
12.	ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕНЕСІ ЖӘНЕ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР.....	100
13.	КОЛЛЕДЖІШЛІК БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ.....	101
13.1.	Педагогикалық кеңестің жұмысы.....	101
13.2.	Колледжішілік бақылау және тексеру.....	102
	ҚОРЫТЫНДЫ.....	103
	ҚОСЫМШАЛАР.....	104

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ҚАРАТАУ ҚҰРЫЛЫС – ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

«Бекітемін»

Колледж директоры, т.ғ.к.

_____ Д. Маселбеков

«29» маусым 2020 жыл

Қаратау құрылыс – техникалық колледжінің 2019-2020 оқу жылында
жүргізілген оқу, оқу – әдістемелік, ғылыми – шығармашылық және тәрбие
жұмыстары бойынша қорытынды

Е С Е Б І

Қаратау 2020 жыл

КІРІСПЕ

Қаратау құрылыс – техникалық колледжі ұжымы 2019- 2020 оқу жылында оқу –әдістемелік, оқу –өндірістік және тәрбие жұмыстары мен оқу үрдісі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және Білім және ғылым министрлігінің нормативтік - құқықтық актілеріне сәйкес ұйымдастырылып жүргізілді.

Жаһанды шарлаған короновирустық инфекция адам өмірі мен тіршілігіне кері әсерін тигізіп білім беру процессіне тиісті өзгерістер енгізді.

2020 жылғы 16 наурыздан оқу орнында оқу үрдісі Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің ағымдағы жылғы 14-ші наурыздағы 108-ші мен 1 сәуірдегі 123-ші бұйрықтарының №1 қосымшасына сәйкес қашықтықтан оқыту технологиясына көшірілді.

Колледж ұжымы техникалық және кәсіптік білім саласы алдына қойылған міндеттерді орындауда тиісті іс-шараларды жүргізді.

I. ОҚУ ОРНЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

Қаратау құрылыс -техникалық колледжі (бұрынғы Қаратау тау-кен құрылыс техникумы) 1963 жылы 9 мамырда Қаз ССР жоғарғы және орта арнаулы білім министрлігінің №378 бұйрығымен Қаратау таукен – химиялық комбинатының базасында ашылды. *(Қосымша -1)*

Бүгінгі таңда, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының мемлекеттік лицензиясына сәйкес (серия АБ №0048173) 2016-2017 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс және ақылы негізде білім беру қызметін төмендегі көрсетілген мамандықтар бойынша жүргізді.

- 0707.000 «Тау-кен электрмеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу»
- 0809.000 «Мұнай және газ кен орындарын пайдалану»
- 0816.000 «Химиялық технология және өндіріс»
- 0902.000 «Электрмен қамтамасыз ету»
- 1201.000 «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану»
- 1305.000 «Ақпараттар жүйесі»
- 1401.000 «Үймәреттер мен ғимараттар салу және пайдалану»
- 1405.000 «Газ жабдықтау мен жүйелерді монтаждау және пайдалану»
- 1410.000 «Автомобиль жолдары мен аэродромдар салу»

1.1. Колледждің құрылымы және материалдық -техникалық базасы

Оқу орнының құрылымы Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылдың 17-ші мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі» негізінде және тектес мамандықтар мен арнайы, жалпы білім беретін пәндердің ерекшеліктерін ескеріп 2018 жылғы 31 тамызда педагогикалық кеңестің шешімімен Қаратау құрылыс -техникалық колледжінің құрылымы бекітілді. *(Қосымша -2)*

Колледждің күндізгі бөлімінде оқу үрдісін тиімді ұйымдастырып, жүргізу мақсатында тектес мамандықтар бойынша 2 оқу бөлімі құрылған:

- Химиялық және техникалық оқу бөлімі

- Құрылыс оқу бөлімі.

Сонымен қатар мамандықтарға байланысты және арнайы оқу пәндері негізінде 4 циклдік-әдістемелік комиссиялар жұмыс жұмыс істеді.

Олар :

- «Жалпы тілдер және денешынықтыру мен БӘД білім беру пәндер»
- «Ақпараттық -химиялық технологиялары және техникалық білім беру пәндері»
- «Құрылыс газ жүйелері мен ішкі санитарлық құрылғылары білім беру пәндері»
- «Қоғамдық және жаратылыстану білім беру пәндері»

Циклдік- әдістемелік комиссияларға бекітілген барлық оқу пәндерінің жұмысшы оқу бағдарламалары модульдік-рейтингтік жүйе негізінде жасалынып, оқу сабақтары ұйымдастырылып жүргізіледі. Білімгерлердің білімі шектік аралық және қорытынды аттестациялар жүргізілуі кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығымен бекітілген «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің» үлгілік қағидалары басшылыққа ала отырып бағаланады.

Оқу сабақтары мен іс-тәжірибелері, шектік және аралық аттестациялар 2019-2020 оқу жылына жұмысшы оқу жоспарлар негізінде әзірленген оқу үрдісінің кестесіне сәйкес жүргізіліп отырды.

Сонымен қатар білімгерлер контингентінің қозғалысын, сынақ-емтихандар мен аралық аттестациялардың уақытында өткізілуін, білімгерлердің үлгерімі мен оқу сабақтарға қатысуын қадағалауды және оқу үрдісі бойынша жүргізілген іс-шаралардың тиімді ұйымдастырылып жүргізілуін бақылауды, білім алушылардың іс-қағаздарын уақытында толтырып, жүргізілуін қамтамасыз ететін «Мониторинг, тестілеу, қашықтықтан оқыту және сапа менеджменті» бөлімі жұмыс істейді.

Оқытушылардың біліктілігін көтеруде жүргізілетін оқу пәндерінің оқу-әдістемелік кешендік құжаттармен қамтылуын және тәлімгерлік жұмыстарды өз деңгейінде жүргізілуін қамтамасыз етуде әдістемелік кабинет жұмыс істеді.

Білімгерлер арасында оқу - тәрбие, мәдени - көпшілік және тәртіп бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын тиімді жүргізу мақсатында әр түрлі комиссиялар мен кеңестер құрылған.

Колледждің материалдық-техникалық базасы 4 қабатты бас оқу ғимараты мен қосалқы нысандарда орналасқан.

Оқу ғимараты мен нысандардың жалпы аумағы мен сыйымдылығы №1 кестеде және қосымшада көрсетілген (қосымша №3).


Кесте №1.

№ р/с	Бөлімшелер аты	Саны	Көлемі (м ²)	Бірмезгілдік сыйымдылығы
1	Оқу корпусы	1	3620	450
2	Жатақхана	1	402	75
3	Оқу залы	1	78	50
4	Акт залы	1	132	195
5	Асхана	1	36	25
6	Шеберхана	6	268	50
7	Медкабинет	1	48	
8	Жабық спорт кешені	1	540	75
9	Ашық спорт сауықтыру алаңы	1	2100	150

1.2. Оқытушылардың сандық және сапалық құрамы

Колледждегі педагог қызметкерлердің 2019-2020 оқу жылында саны - 51 педагог; оның ішінде жоғары санатты -21, пайызы – 41,2%; бірінші санатты -16, пайызы – 31,4%; екінші санатты -10, пайызы – 19,6%; санаты жоқтар - 5, пайызы – 9,8%. Колледждегі педагог қызметкерлердің 2019-2020 оқу жылында саны мен құрамы 72,5% құрайды. 2018-2019 жылмен салыстыруда 69,8% құрайды. (қосымша 4 кесте және мониторингісі жасалды).

Колледждегі педагог қызметкерлердің 2018-2019 оқу жылында саны мен құрамының мониторингісі



Аттестаттаудан өткен оқытушылардың саны 7, оның 2- қайта растау (жоғары санат), 2- жоғары санат, 1- бірінші санат, 2- екінші санат. Жоспары, кестесі, іс- шаралары бекітілген. Жылдық жоспар негізінде 2020 жылы 5 оқытушы аттестаттаудан өтуге өтініш білдірген. Толық мәліметі қосымша кесте 1 келтірілген.

Аттестаттаудан өткен оқытушылардың саны 7, оның 2- қайта растау (жоғары санат), 2- жоғары санат, 1- бірінші санат, 2- екінші санат. Жоспары, кестесі, іс- шаралары бекітілген. Жылдық жоспар негізінде 2020 жылы 5 оқытушы аттестаттаудан өтуге өтініш білдірген. Толық мәліметі қосымша кесте 1 келтірілген.

Аттестаттаудан өткен оқытушылар тізімі

р/с	Оқытушының аты-жөні	Санаты
1	Исатай Бакдаулет Куанышбайұлы	Қайта растау
2	Маселбеков Докторбек Манатбекович	Қайта растау
3	Аптауова Салтанат Увайдуллақызы	Жоғарғы санат
4	Қарабаева Камшат Жаксыбековна	Жоғарғы санат
5	Изтілеуова Жанар Тилеухановна	1 санатқа
6	Ұзақбаев Төлеген Базарбаевич	2 санатқа
7	Қарнақбаева Эльмира Әскербековна	2 санатқа

Оқытушылар құрамында 1- ғылым докторы, 2- ғылым кандидаты, 1- ХАА корреспондент мүшесі, 5 - КСРО орта арнаулы оқу орны үздігі, «Алтынсарин» төс белгісі мен «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» иегерлері, 2 – магистратура мен аспирантураны аяқтаған педагогтар жұмыс істейді.

2019-2020 оқу жылындағы сапалық көрсеткіші

№	Жалпы педагог саны	Жоғары санатты	Пайыз	Бірінші санатты	Пайыз	Екінші санатты	Пайыз	Санаты жоқ	Пайыз
1	51	21	41,2%	16	31,4%	10	19,6%	5	9,8%

Колледждегі педагог қызметкерлердің 2019-2020 оқу жылында саны мен құрамы **72,5%** құрайды.

2. ОҚУ - ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР

2.1. Оқу жұмысы

2019-2020 оқу жылында оқу үрдісі Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Колледждің күндізгі бөлімінде оқу үрдісін тиімді ұйымдастырып, жүргізу мақсатында тектес мамандықтар бойынша 2 оқу бөлімі құрылған:

- Ақпараттық техникалық және технологиялық оқу бөлімі
- Құрылыс-электротехникалық оқу бөлімі

Сонымен қатар мамандықтарға байланысты және арнайы оқу пәндері негізінде 6 циклдік-әдістемелік комиссиялар жұмыс жұмыс істейді.

Олар :

«Жалпы тілдер мен денешынықтыру мен БӨД білім беру пәндері»

«Жаратылыстану қоғамдық және білім беру пәндері»

«Арнайы электротехникалық білім беру пәндері»

«Арнайы құрылыс білім беру пәндері»

«Арнайы ақпараттық, химиялық және техникалық білім беру пәндері»

Арнайы газ жүйелері мен ішкі санитарлық құрылғылары білім беру пәндері»


Циклдік- әдістемелік комиссияларға бекітілген барлық оқу пәндерінің жұмысшы оқу бағдарламалары модульдік-рейтингтік жүйе негізінде жасалынып, оқу сабақтары ұйымдастырылып жүргізіледі. Білімгерлердің білімі шектік аралық және қорытынды аттестациялар жүргізілуі кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығымен бекітілген «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің» үлгілік қағидалары басшылыққа ала отырып бағаланады.

Оқу сабақтары мен іс-тәжірибелері, аралық және қорытынды аттестациялар 2019-2020 оқу жылына жұмысшы оқу жоспарлар негізінде әзірленген оқу үрдісінің кестесіне сәйкес жүргізіліп отырды.

Өндірістік және санитарлық нормаларға сәйкес оқу сабақтарын тиімді ұйымдастырып жүргізу үшін төмендегі көрсетілген оқу топтары құрылды:

2018-2019 оқу жылында	2019-2020 оқу жылында
күндізгі бөлімде 25 оқу тобы	күндізгі бөлімде 26 оқу тобы
сырттай бөлімде 15 оқу тобы	сырттай бөлімде 16 оқу тобы

Қаратау құрылыс-техникалық колледждің оқу топтар бойынша көрсеткіштер:



2017 жылдан бастап «Баршаға арналған тегін кәсіптік техникалық білім» жаңа жобасы іске қосылды.

«Баршаға арналған тегін кәсіптік техникалық білім» жобасының мақсаты – жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету, жұмыс кадрларын көбейту және қалаған адамдардың бәрін тегін техникалық және кәсіптік біліммен (бұдан әрі – ТжКБ) қамту.

Жобаның міндеттері:

- барлық қалаған 9-шы сынып түлектерін тегін алғашқы жұмысшы біліктілігімен 100 %-дық қамту;
- мектептің 10–11-ші сынып оқушыларын қолданбалы біліктіліктермен қамтамасыз ету;
- жұмысшы біліктіліктері бойынша колледжде оқитын студент санын арттыру (2020 жылға қарай 40 % дейін);
- жұмыссыз, өзін өзі жұмыспен қамтушы және біліктіліксіз жұмысқа тұрған жастарды жұмысшы біліктілігімен қамтамасыз ету;
- кадрларды үздіксіз, икемді кәсіптік даярлауды қамтамасыз ету.

«Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» Елбасының 2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан халқына Жолдауын Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша «2017 жылдан бастап «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім» жаңа жобасын енгізу» 39-т. орындау мақсатында және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшысының 2016 жылғы 16 мамырдағы № 3406-1 тапсырмасының негізінде «2017 жылдан бастап «Баршаға арналған тегін кәсіптік- техникалық білім» жаңа жобасын енгізу бойынша жол картасы бекітілді және оған келесі кезеңдер кіреді:

- нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;
- ТжКБ-мен бірге кадрлар даярлауды қамтамасыз ету;
- Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасының аясында ТжКБ-мен бірге кадрлар даярлау;

- еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер мен дағдылар бойынша жұмысшы кадрларды қысқамерзімдік кәсіптік оқыту;

- инженерлік-педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру;

- ТжКБ беделін арттыру;

- Ақпараттық жұмыс.

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында Қаратау құрылыс-техникалық колледжінде Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығы негізінде алты мамандық бойынша жұмысшы оқу жоспарлар әзірленіп, бекітілген.

1. Мамандығы 0707 000 «Тау кен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу»

Біліктілігі

- 0707112 Автоматика мен өлшеуіш құралдарын жөндейтін және қызмет көрсететін электр слесарі

- 0707122 Электр қондырғыларына қызмет көрсететін электр жөндеушісі

- 0707 193 электромеханик

2. Мамандығы 0902 000 «Электрмен қамтамасыз ету»

Біліктілігі

- 0902012 Тарату құрылғылардың электромонтажнигі

- 0902033 Техник электрик

3 Мамандығы

Біліктілігі

- 0816022 Химиялық талдау зертханашысы

- 081604 2. "Аппаратшы

- 0816043. Техник-технолог

4.Мамандығы 1201000 Автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану

Біліктілігі

- 1201072 Автокөлікті жөндеу слесарі

- 1201062 Автокөліктердің электр құрылғыларын жөндеуші электрик

- 1201123 Техник механик

5. Мамандығы 1401 000 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану»

Біліктілігі

- 1401202 Құрылыстың құрғақ әдіс жөніндегі маманы

- 1401242 Кең бейінді құрылыс шебері
- 1401213 Техник-құрылысшы

6. Мамандығы 1405 000 «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану»


Біліктілігі

- 1405012 Газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесарі
- 1405022 Газ шаруашылығында апатты қалпына келтіру жұмыстарының слесарі
- 1405043 Газ объектілері құрал-жабдығын пайдалану технигі

2.2. Оқытушылардың оқу жүктемелері

2019-2020 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс – 40459 сағат қарастырылып бекітілген, өткен жылымен салыстырылғаны, кестеде көрсетілген

	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы
Мемлекеттік тапсырыс	40459	40565



Колледж оқытушыларына Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» 52 бабына сәйкес педагогикалық жүктемесі бөленгені, өткен жылымен салыстырылғаны, кестеде көрсетілген

Оқытушылардың саны	Педагогикалық жүктемесі			ЕСКЕРТУ
	2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	
1,5 ставка	-	1		2019-2020 оқу жылында 13 оқытушы - әкімшілік қызметкерлері, 4 оқытушы өндірістен шақырылған жоғары кәсіби мамандар, 6-Ақкөл бөлімшісінің жеке пәндер бойынша оқытушылар.
1 ставка	30	30	28	
0,5 ставка	17	23	26	
Барлығы	47	54	54	

2.3. Білімгерлердің мамандық бойынша үлгерімі және қозғалысы

Оқу үрдісінің кестесіне сәйкес өткізілген шектік, аралық аттестациялардың қорытындысы негізінде күндізгі бөлім білімгерлердің оқу үлгерімі мен сапасына оқу пәндері мен топтар бойынша мониторинг жүргізіліп отырды.

Білімгерлердің оқу үлгерімі мен сапасы директорлық мәжілістерде қаралып тиісті шешімдер қабылданды. Қабылданған шешімдердің тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін нақты іс-шаралар жасалынды және колледж ішілік барлық деңгейде қадағаланып отырды.

2019-2020 оқу жылының қорытындысы бойынша күндізгі бөлім білімгерлердің (мемлекеттік тапсырыс оқитын білімгерлердің) жалпы оқу үлгерімі **100 пайыз**, ал сапасы – **59,6 пайыз**.

Колледж бойынша соңғы 3 жылдың күндізгі оқу бөлім бойынша үлгерім көрсеткіштері кестеде көрсетілген

	2017-2018 оқу жылы		2018-2019 оқу жылы		2019-2020 оқу жылы	
	I жарты жылдығы	II жарты жылдығы	I жарты жылдығы	II жарты жылдығы	I жарты жылдығы	II жарты жылдығы
Мемлекеттік тапсырыс негізінде	93,69	85,32	90	92,82	97,6	100
Ақылы негізінде	90,9	100	100			

Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің күндізгі оқу бөлім бойынша сапа көрсеткіштері

	2017-2018 оқу жылы		2018-2019 оқу жылы		2019-2020 оқу жылы	
	I жарты жылдығы	II жарты жылдығы	I жарты жылдығы	II жарты жылдығы	I жарты жылдығы	II жарты жылдығы
Мемлекеттік тапсырыс негізінде	68,18	58,32	66	67,2	71,5	59,6
Ақылы негізінде	36,4	100	75			

2019-2020 оқу жылының басында колледж бойынша жалпы контингент саны 524 білімгер, күндізгі бөлім бойынша 435 білімгер білім алуда, оның ішінде

мемлекеттік тапсырыс негізінде	432 білімгер
ақылы негізінде	3 білімгер
Қашықтықтан оқыту сырттай бөлім негізінде	85 білімгер.

Күндізгі бөлім бойынша

№	Мамандықтар	2019-2020 оқу жылы	соның ішінде	
			мемлекеттік тапсырыс	ақылы негізінде
1	0707 «Тау кен электромеханикалық жабдықтарынтехникалық күту және жөндеу»	29	29	
2	0816 «Химиялық технология және өндіріс»	105	104	1
3	0902 «Электрмен қамтамасыз ету»	51	51	
4	1201 «Автомобиль транспортын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»	48	48	
5	1305 «Ақпараттық жүйелер»	36	34	2
6	1401 «Ғимараттар мен үймәреттерді салу және пайдалану»	48	48	
7	1403 «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді пайдалану»	9	9	
8	1405 «Газ жабдықтау жүйелері мен жабдықтарды монтаждау және пайдалану»	74	74	
9	1410 «Автомобиль жолдарын және аэродромдар салу»	12	12	
10	1114 «Дәнекерлеу»	10	10	
11	1504 «Фермер шаруашылығы»	13	13	
Барлығы		435	432	3

Қашықтықтан оқыту сырттай бөлім негізінде

№	Мамандықтар	2019-2020 оқу жылы	соның ішінде	
			мемлекеттік тапсырыс	ақылы негізінде
1	0101 "Мектепке дейінгі тәрбие"	16		16
2	0518 "Есеп және аудит"	12		12
3	0707 «Тау кен электромеханикалық жабдықтарынтехникалық күту және жөндеу»	14		14
4	0809 "Мұнай және газ кен орындарын пайдалану"	5		5
5	0816 «Химиялық технология және өндіріс»	9		9
6	0902 «Электрмен қамтамасыз ету»	6		6
7	1201 «Автомобиль транспортын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»	5		5

8	1305 «Ақпараттық жүйелер»	6		6
9	1401 «Ғимараттар мен үймәреттерді салу және пайдалану»	9		9
10	1405 «Газ жабдықтау жүйелері мен жабдықтарды монтаждау және пайдалану»	3		3
Барлығы		85	0	85

Осы оқу жылында күндізгі бөлім бойынша келген білімгерлер саны-5;
оның ішінде

қайта қабылдау	3
басқа оқу орнынан ауысу	2

Қашықтықтан оқыту сырттай бөлім негізінде **27** білімгер оқу жылының ішінде келген, атап айтқанда:

қайта қабылдау	22
күндізгі оқу нысанан ауысып келгендер	5

Кеткен білімгерлердің себептеріне талдау жасайтын болса, төмендегідей болып келеді:

күндізгі бөлім бойынша кеткен білімгерлер саны-168;

басқа оқу орнына ауысу	2
академиялық демалыс	5
өз еркімен	3
сырттай оқу бөліміне ауысқандар	4
басқа мамандыққа	1
ішкі тәртіп ережесін орындалмағандар	27
академиялық демалыстың бітуіне	5
байланысты, колледжбен хабар орнаталмағаны	
оқу бітіруіне байланысты	121

Қашықтықтан оқыту сырттай бөлім негізінде кеткен білімгерлердің саны - 47; оның ішінде

академиялық демалыс	1
өз еркімен	
ішкі тәртіп ережесін орындалмағандар	16
оқу бітіруіне байланысты	28
басқа оқу орнына ауысу	1
академиялық демалыстың бітуіне	1
байланысты, колледжбен хабар орнаталмағаны	

2019-2020 оқу жылының ішінде жалпы кеткен білімгердің саны- 215

2020 жылғы 1-ші шілдегі жағдайға байланысты:

күндізгі бөлім бойынша контингент саны	- 294 білімгер құрайды,
қашықтықтан оқыту сырттай бөлім негізінде	- 77 білімгер,
жалпы колледж бойынша	- 371 білімгер.

Күндізгі оқу бөлімі 01.07.2020 ж жағдайына контингент туралы мәлімет

№	Мамандығы	I-курс	II-курс	III-курс	Барлығы
1	0707 «Тау кен электромеханикалық жабдықтарын техникалық күту және жөндеу»			13	13
2	0816 «Химиялық технология және өндіріс»	20	24	38	82
3	0902 «Электрмен қамтамасыз ету»	19	13		32
4	1201 «Автомобиль транспортын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»	20	18	9	47
5	1305 «Ақпараттық жүйелер»		20	15	35
6	1401 «Ғимараттар мен үймәреттерді салу және пайдалану»		17	14	31
7	1405 «Газ жабдықтау жүйелері мен жабдықтарды монтаждау және пайдалану»	17	17	20	54
Барлығы:		76	109	109	294

Қашықтықтан оқыту сырттай оқу бөлімі
01.07.2020 ж жағдайына контингент туралы мәлімет

№	Мамандығы	II-курс	III-курс	Барлығы
1	0101 «Мектепке дейінгі тәрбие»		21	21
2	0518 «Есеп және аудит»	6		6
3	0707 «Тау кен электромеханикалық жабдықтарын техникалық күту және жөндеу»	6	11	17
4	0809 «Мұнай және газ кен орындарын пайдалану»		4	4
5	0816 «Химиялық технология және өндіріс»	3	5	8
6	1201 «Автомобиль транспортын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»		6	6
7	1305 «Ақпараттық жүйелер»	4		4
8	1401 «Ғимараттар мен үймәреттерді салу және пайдалану»		7	7
9	1405 «Газ жабдықтау жүйелері мен жабдықтарды монтаждау және пайдалану»	4		4
Барлығы:		23	54	77

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы ҚР Білім туралы Заңына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім сапасына мониторингті жүргізілуі мақсатында «Жамбыл облысындағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім сапасына мониторинг жүргізу ЕРЕЖЕСІ» бекітілген. Білім сапасын бағалау мониторингінің қойылған критерийлеріне сәйкес 2019 жылдың наурыз айынан бастап әр курсты білімгерлердің білім сапасы анықтау мақсатында сыртқы тәуелсіз бағалау

<https://zhambyltipo.kz/> сайтында онлайн тестілеу арқылы жүзеге асырылған.

2019-2020 оқу жылына бекітілген колледжішілік бақылау жоспарына сәйкес оқу жылының ішінде жүргізілген жұмыстар үнемі бақылауда болған, атап айтқанда:

- Оқу журналдарының толтырылуын тексеру
- Модульдік-рейтинг негізінде шектік аттестацияны талдау
- Міндетті бақылау мен курстық жұмыстардың сапалы орындалуы
- Оқу-өндірістік іс тәжірибелер жүргізілуі және қорытынды есептер қабылдау мен сапасы
- Диплом жоба жұмыстар сапалы орындалуы және тб

Оқу жылының ішінде оқу журналдар әкімшілік тарапынан үнемі тексерілуде, тиісті беттерінде ескертулер, ұсыныстар мен кемшіліктер жазылған.

2.4. Әдістемелік жұмыстар

Колледждің стратегиялық мақсаты білім беруді жаңғырту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру, ғылыми, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының мазмұнын жақсарту, мамандарды даярлауда білім сапасын арттыру, халықаралық стандарттарға көшуді жүзеге асыру болып табылады. Колледж оқытушыларын кәсіби әдістемелік шеберлікті жетілдіруде, біліктілігін арттыруда, ғылыми - зерттеу дағдыларын жақсартуда, озық тәжірибе мен әдістемені кеңінен қолдануда ықпал ету.

Колледж әкімшілігі " ҚР Білім туралы Заңы "(27.07.2007 ж.), ҚР Президенті Н.А.Назарбаевтың Жолдауы негізінде "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері "(10.01.2018 ж)," Рухани жаңғыру "(12.04.2017 ж)," Мемлекет басшысының Ұлт жоспарының бес институционалдық реформасы "100 нақты қадам", білім беруді жаңғырту мақсатында ҚР БҒМ нормативтік құжаттары, мемлекеттік саясаттың негізгі саяси бағыттарын іске асыруда.

Колледждің әдістемелік орталығының негізгі мақсаты: оқыту сапасын инновациялық дамыту, заман талабына сай мамандар даярлау, ұжымдағы алдыңғы қатарлы озық тәжірибелерді талдау арқылы білім беру стандартына сәйкес оқытушылардың педагогтық шеберлігін ғылыми - теориялық және кәсіби деңгейде жетілдіру. Сабақ үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды ендіруге оқытушылардың біліктілігін көтеру мақсатында

инновациялық қызметті ұйымдастыруға, білім міндеттерін ғылыми тұрғыдан іске асыруды қалыптастыруға негізделді.

2019-2020 оқу жылында колледждің әдістемелік орталығы “Білім беру кеңістігін заманауи талаптарға сай ұйымдастыра отырып, педагогикалық ұжымның әдістемелік және кәсіптік қызметін басқару және үйлестіруді қамтамасыз ету” тақырыбы аясында жұмыс жүргізді.

Міндеттері:

- ✓ Пәндік комиссияның қызметін ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету.
- ✓ Оқу процесіне ақпараттандыру бағдарламасын енгізуде әдістемелік көмек көрсету.
- ✓ Оқытушылардың педагогтік шеберліктерін ғылыми- теориялық және кәсіби деңгейде жетілдіру;
- ✓ Педагогтардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру тәсілі ретінде инновациялық, зерттеушілік қызметті ұйымдастыру;
- ✓ Талантты және дарынды білімгерлермен жұмыс жүйесінде зияткерлік әлеуетін дамыту;
- ✓ Колледж педагог қызметкерлерінің біліктілігін және кәсіптік шеберлігін арттыруды қамтамасыз ету;
- ✓ Педагог қызметкерлердің оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер, оқу-әдістемелік қамту және білімді бақылау кешендерін әзірлеуіне көмектесу;
- ✓ "Рухани жаңғырту" және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалары аясында латын әліпбиінің енгізуіне, оқу үрдісінде пайдалануына ықпал жасау;
- ✓ Үштілді білім беру жағдайында әлеуметтік-мәдени және коммуникативті құзіреттіліктерді қалыптастыру;
- ✓ Модульдік технологиялардың талаптары негізінде техникалық және кәсіптік білімнің мазмұнын жетілдіру;
- ✓ "Рухани жаңғырту" және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламаларының өнегелік құндылықтары рухында тәрбиеленген маманның жоғары тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру;
- ✓ Заманауи жасампаз қоғамды цифровизациялау үрдісінің басты бағыттары ретінде білім берудің цифрлік технологиясын енгізу,

заманауи цифрлік технологияларға негізделген ұтқыр білім беру ортасын жасау.

Қызметтік бағыттары:

- ✓ Ғылыми-әдістемелік жұмыстар
- ✓ Ақпараттық қамтамасыздандыру
- ✓ Оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу
- ✓ Оқытушылардың кәсіби деңгейін арттыру
- ✓ Диагностикалық және бақылау – талдау қызметі

2.4.1. 2019-2020 оқу жылында педагог кадрлардың біліктілігін арттыру

2019-2020 оқу жылында біліктілік курсынан өту мақсатында құрылған жоспары негізінде 12 оқытушы біліктіліктерін көтеру қажет еді. Жоспардағы 2 оқытушының қазан айында жұмыстан шығуына байланысты саны азайды. Жоспар бойынша 10 оқытушы біліктілікті арттырды. Алайда жоспардан тыс біліктілікті арттыру бағытында ақылы және ақысыз курстардан 81 оқытушы біліктілігін арттырды.

2020 жылдың 16 наурыздан бастап колледждің оқыту жүйесі қашықтықтан оқыту жүйесімен жүргізілгендіктен барлық оқытушыларға қашықтықтан оқытудың әдістері мен тәсілдерімен өткізуін ұйымдастыруына қолайлы жағдай жасау үшін оқытушылардың біліктілігін арттыруды талап етілді. Негізгі біліктілікті арттыру орталығы «Талап» КЕАҚ қазіргі таңда 58 оқытушы біліктіліктерін екі тақырып негізінде өткізді: «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы қашықтықтан оқыту: контентін құрудан бастап оқу процесін ұйымдастыруға дейін»; «Қашықтықтан оқыту жағдайында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру».

Сонымен қатар қашықтықтан біліктілікті арттыру бағытында Алматы қаласының «Даму» Республикалық педагогикалық-психологиялық дамыту орталығы біліктілікті арттыру орталығында «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқыту сапасын көтерудегі заманауи педагогикалық әдістері» тақырыбында 11 оқытушы және «Кәсіпкерлік қызмет негіздері» курсы оқытушысының кәсіби біліктілігін дамыту» тақырыбында 3 оқытушы біліктіліктерін арттырды.

Оқытушылардың өз білімін көтеру және шығармашылық деңгейін арттыру мақсатында колледж оқытушылары үнемі республикалық, облыстық білім жетілдіру институттарында біліктіліктерін жетілдіреді және қысқа мерзімді өндірістік тәжірибеден мекемелерден өтеді.

2019-2020 оқу жылында курстардан – 81 оқытушы біліктілігін арттырды.

2019 жылы шілде-қазан айыларында Тараз қаласында оқытушы Д.Маселбеков, Н.Бақытханқызы, Н.Жузбаев, Қ.Жуманов, Б. Айжановтар «Кәсіпқор холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы түрлі тақырыптағы курстардан өтті. *(қосымша -10)*

2.4.2. 2019-2020 оқу жылындағы колледж педагог кадрларының мекемеден біліктілігін арттыру туралы мәлімет

2019-2020 оқу жылындағы колледж педагог кадрларының әлеуметтік серіктестердің мекемелерінде біліктілігін арттырған 3 оқытушы тағлымдамадан өтілу барысында сертификатқа ие болды. Оқытушы Н.Жузбаев өз практикалық біліктілігін ЖШС «Талас аудандық электр желісі» мекемесінде, ЖШС «Құрылыс-Жанар» тағлымдамадан өтсе, оқытушы Б.Медеубаева ЖШС «Казфосфат» ТКӨК «Шолақтау» мекемесінде тағлымдамадан өтті. *(Қосымша -11)*

2.4.3. Облыстық, республикалық және халықаралық семинар-кеңестерге, конференцияларға оқытушылар мен студенттердың қатысуы

Колледжде әр оқу жылында оқытушылардың және студенттердің ғылыми-шығармашылық конференциялары өткізіледі:

2019-2020 оқу жылында 13 ақпанда айында Абайдың рухани әлемі «Білім және ғылым жайында» атты студенттер арасында өткізілген ғылыми конференцияның нәтижесі.

Студенттердің ғылыми – шығармашылық конференциясының өтілу деңгейі, қорытындысы, жетістіктері туралы: конференцияға қатысқан 30 студенттің баяндамасы тыңдалды, студенттер баяндамаларын презентация арқылы қорғады және қойылған сұрақтарға жауап берді. Белсенді қатысқан

ғылыми жетекшілер мен студенттердің нәтижесінде, конференцияда І-ші дәрежелі дипломмен 0816-18-96 тобының білімгерлері Тілепберді Фархат /жетекшісі А.Булекбаева/, ІІ-ші дәрежелі дипломмен 1401-18-96 тобының білімгерлері Берда Валерия, Карасикова Татьяна /жетекшісі Л.Естебекова/, ІІІ-ші дәрежелі дипломмен 0816-17-96 тобының білімгері Утепова Құттыгүл /жетекшісі Т.Ұзақбаев/, 1201-17-96 тобының білімгерлері Сабуров Бақытжан, Нажматов Тұрдымұрат /жетекшісі М.Қырғызбаев/, «Жас зерттеуші» номинациясымен, 1305-17-96 тобының білімгері Мусаев Руслан /жетекшісі Н.Асанова/, «Шығармашылық идея» номинациясымен марапатталды.

2020 жылы 6 ақпан айында Рухани жаңғыру аясында «Білім мазмұнын жаңарту» тақырыбы бойынша оқытушылар арасында ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференцияда 30 оқытушы баяндама жасады. Конференцияда кеткен кемшіліктер мен жетістіктер. Көптеген оқытушылардың баяндамалары ғылыми-шығармашылық тақырыптарды рәсімдеудің СМЖ талаптарына сай орындалған. Баяндамалардың тақырыбы, мақсаты, міндеті, зерттеу кезеңдері, объектілері мен субъектілері дұрыс көрсетілген, баяндамаларында өз тәжірибелеріне нақты мысалдар көрсеткен. Өз сабақтарында әртүрлі инновациялық технологиялардың әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, оқу сапасын арттырып, зерттеу жүргізген оқытушылардың ғылыми-шығармашылық жұмыстарынан «Орыс тілі және әдебиеті» пәнінің оқытушысы Б.Танатарова І-ші дәрежелі, арнайы пәндер оқытушысы Ж.Нұрлыбаева, «Математика» пәнінің оқытушысы К.Қарабаева ІІ-ші дәрежелі, қоғамдық пәндер оқытушысы С.Аптауова, Э.Қарнақбаева ІІІ-ші дәрежелі дипломмен марапатталды. *(Қосымша -14)*

2.4.4. Оқу процесіне енгізілген инновациялық технологиялар

Колледжде стратегиялық жоспар, оқу үрдісін жаңғырту жоспары жасалынған. Негізгі мақсаты: қазіргі инновациялық технологиялардың теориялық негіздерін оқып – білу, зерттеу, сабақ үрдісіне қолдану, оқытудың кредиттік технологиясын, оқытудың дуальды жүйесінің элементтерін, қашықтықтан оқыту технологиясын зерттеп, сабақ үрдісінде қолдану және оқу-өндірістік шеберханаларды, зерханаларды оқу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы

№7176ұйрығымен бекітілген ТЖКББ жүйесіне кредиттік-модульдік оқыту технологияларын кезең-кезеңімен енгізу бұйрығына сәйкес енгізіліп, 2019-2020 оқу жылының үрдісінде барлық 1 бірінші курстарда, 2 курста – «Нәтижелі жұмыспен қамту» -2 топта (1401-18-96, 1201-18-96), 3 курста - 3топта (1401-17-96, 1201-17-96, 1405-17-96, 0707-17-96) модульдік оқыту технологиясы негізінде құжаттарын дайындап, бекітті.

Сонымен қатар колледждің 0707, 1401, 1201 мамандықтары бойынша еңбек нарығындағы республикалық «Жас маман» жобасы аясында оқытушылар тарапынан іс-құжаттары толтырылып, бекітіліп, өткізілді.

Модульдік оқыту технологиясы бойынша 0707, 1405, 1401, 1201 мамандықтарында І-ІІІ курста оқу жүктемесіне сәйкес өткізілетін пәндер толығымен модульдік бағдарламада өтеді. Күнтізбелік жоспар, жұмыс бағдарламасы, күнделікті сабақ жоспары, модульдік тест тапсырмалары талапқа сай жасалынды. Оқытушы Е.Васильева, Н.Субинов, С.Аптауова, Б.Танатарова, Г.Асанова, А.Шымырбекова, А.Досжанова, Э.Қарнақбаева, Е.Қамысбаев, Т.Ұзақбаев талапқа сай құжаттарын толық жасаған.

Ал оқытушы Т.Боранбаев, И.Қазыбай, Н.Жүзбаев, Н.Бақытханқызы, Б.Медеубаева, Л.Естебекова, Г.Жуманалиева, Б.Исатай, К.Қарабаева, Н.Қошанова, А.Қылышбекова А.Утепбаевтың құжаттары толық жасалынбады, жыл бойы құжаттарға толықтыру жұмыстарын жүргізбеді, түсініктемелері алынды.

Өткізілген сабақтардың сапасын директордың орынбасарлары, әдіскер, бөлім меңгерушілері, циклдік-әдістемелік комиссия жетекшілері талдайды және циклдік-әдістемелік комиссия оқытушылары жоспарға сәйкес кесте бойынша бір-бірінің сабақтарына және ашық сабақтарына қатысады. Циклдік-әдістемелік комиссияның отырысында пәндер бойынша сабақ беру барысы, сапасы, топтардың үлгерімі, оқытушылардың шығармашылық жұмыстары, ашық сабақтардың нәтижелері және т.б. жұмыстар талқыланады.

Кейбір оқытушылар сабақ жоспарларының құрылымын толық аша білуі керек, өзара сабаққа көбірек қатысып, тәжірибе алмасу керек.

2.4.5. Семинарлар

2019-2020 оқу жылы жоспарланған «Педагогикалық шеберлік» мектебінің өткізген семинар тақырыптары:

- ✓ Оқытушының сабаққа дайындығы
- ✓ Оқытушының сабаққа дайындығы
- ✓ Жаңа сабақты түсіндіру
- ✓ Сабақты бекіту кезіндегі педагогикалық әдіс –тәсілдері
- ✓ Тәжірибелік сабақтарды өткізу ерекшелігі
- ✓ Зертханалық сабақтарды өткізу ерекшелігі
- ✓ Курстық, дипломдық жұмыстарды ұйымдастыру

«Озат тәжірибе» мектебінің семинар тақырыптары

- ✓ «Keleshekke- kemel bilimmen»
- ✓ «Рухани жаңғыру-қазақ өркениетінің жаңа дәуірі»
- ✓ Оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану
- ✓ Ағылшын тілінде кезең-кезеңмен оқытуды
- ✓ Ақпараттық технологиялардың элементтерін тиімді пайдалану
- ✓ Жаңа ғасыр-озық технологиялары
- ✓ Өндірістік оқыту шеберлерінің ерекшеліктер

Педагогикалық оқулар мен дөңгелек үстелдердың тақырыптары:

- ✓ Ақпараттық білім беру ортасы
- ✓ «Ұлы Дала» жобасы аясында колледждің үлесі (дөңгелек үстел)

Барлық мамандықтар бойынша оқу пәндерінің жұмыс бағдарламалары модульдік жүйеге ауыстырылып, білімгерлердің білімі модульдік-рейтингтік негізде шектік, аралық және қорытынды аттестациялары арқылы тексеріліп, оқу сапасының мониторингі жасалынды. Циклдік-әдістемелік комиссиялар апталықтары, пәндік олимпиадалар, байқаулар, ғылыми-тәжірибелік оқытушылардың конференциялары, білімгерлердің ғылыми ізденіс жұмыстары бойынша конференциялар өткізілді.

2.4.6. Циклдік-әдістемелік комиссиялар бойынша әдістемелік кабинеттің сараптамасы

2019-2020 оқу жылында 2 бөлім бойынша 6 циклдік-әдістемелік комиссиялар жұмыс жүргізді.

Колледж құрылымына келесі циклдік-әдістемелік комиссиялар кіреді:

"Жалпы тілдер және дене шынықтыру, БӘД білім беру пәндері" ЦӘК;

"Жаратылыстану және қоғамдық білім беру пәндері" ЦӘК;

"Арнайы ақпараттық-химиялық және технологиялық білім беру пәндері" ЦӘК;

«Арнайы құрылыс білім беру пәндері» ЦӘК;

"Арнайы газ жүйелері мен ішкі санитарлық құрылғылары білім беру пәндері" ЦӘК;

«Арнайы электротехникалық білім беру пәндері" ЦӘК

Барлық мамандықтар бойынша оқу пәндерінің жұмыс бағдарламалары модульдік жүйеге ауыстырылып, білімгерлердің білімі модульдік-рейтингтік негізде шектік, аралық және қорытынды аттестациялары арқылы тексеріліп, оқу сапасының мониторингі жасалынды. Циклдік-әдістемелік комиссиялар апталықтары, пәндік олимпиадалар, байқаулар, ғылыми-тәжірибелік оқытушылардың конференциялары, білімгерлердің ғылыми ізденіс жұмыстары бойынша конференциялар өткізілді.

Жалпы тілдер және дене шынықтыру, БӘД білім беру пәндері" ЦӘК жетекшісі Ж.Уртаева. ЦӘК-те 9 оқытушы бар. ЦӘК оқу жылында апталық және пәндер бойынша олимпиадалар өткізді. Апталықтар мен олимпиадаларға студенттер мен оқытушылары белсене қатысты. Апталық кезінде болған іс-шараларға студенттер толық қатысып, өткізілген әр іс-шаралары қызықты болып өтті, құжаттары жинақталып, хаттамалары толтырылған. 1 оқытушы /Б.Исатай/ қайта растау санатынан өтті. ЦӘК оқытушылары кесте бойынша ашық сабақтарын өткізді. /оқытушы Б.Айжанов, Қ.Шыныбеков, Б.Исатай онлайн ашық сабағын өтпеді/.

Рухани жаңғыру аясында «Білім мазмұнын жаңарту» атты оқытушылардың ғылыми-шығармашылық конференциясында ғылыми жұмыстардың ережелеріне сай баяндама дайындап, слайдтар арқылы көрсете отырып, сабақ үрдісіндегі өздерінің тәжірибесімен бөліскен

оқытушы Б.Танатарованың ғылыми-шығармашылық жұмысы «Үздік» деп танылды.

Республикалық, облыстық ғылыми- практикалық конференция мен байқау, олимпиадаларға 5 оқытушы /Б.Танатарова, Б.Бақытханқызы, И.Қожамбаева, Ж.Уртаева, Б.Исатай/ баяндамаларымен қатысты, жұмыстары жинаққа енгізілді.

Студенттердің республикалық, облыстық конференция мен байқау, олимпиадаларға жетекшілік жасаған оқытушылардың /Б.Танатарова, И.Қожамбаева, Н.Бақытханқызы, Ж.Уртаева, Ә.Қылышбекова, Б.Исатай/ студенттері жүлделі орындарға ие болып, диплом, сертификатпен марапатталды.

Педагогикалық баспасөзде оқытушылардың мақалаларын жариялауда Республикалық "Білім KZ" журналына оқытушы И.Қожамбаева, А.Қылышбекова, Б.Айжанов, Б.Исатай, Н.Бақытханқызы, Ж.Уртаева, Г.Асанова, Б.Танатарованың әзірлемелері, республикалық «Білімді ел», "Еңбекші", облыстық «Білім шырағы», аудандық «Талас тынысы» газетіне Ж.Уртаева, И.Қожамбаеваның мақалалары жарияланды..

2019-2020 оқу жылында оқытушы Б.Танатарова, Ж.Уртаева, Б.Исатай, Б.Айжанов, Қ.Шыныбеков, Ә.Қылышбекова, И.Қожамбаева, Н.Бақытханқызы біліктілігін курстардан көтерді.

Бекітілген жоспарға сәйкес пәндер бойынша ЦӘК 14 папка бойынша құжаттары толық жиналып, тізімдерін тіркеп отырғаны үшін "Үздік ЦӘК-2019" байқауында жеңімпаз атанды.

Пәндер бойынша ЦӘК апталығы үздік деп танылды. «Үздік портфолио 2020» байқауында оқытушы Б.Танатарова **үздік** деп танылды.

«Шығармашылық көрме» байқауы COVID-19 вирусының таралуына байланысты жарияланған ҚРБЖҒМ 01.04.20ж №123 бұйрығының 1-ші қосымшасы, 19 тармағына сәйкес оқытушылардың қашықтықтан дайындаған оқу-әдістемелік кешендері қаралды, нәтижесінде оқытушы Б.Танатарова, Қ.Шыныбеков оқу-әдістемелік кешендері ереже талаптарына сай жинақталған.

«Үздік сабақ 2020» байқауында оқытушы Б.Танатарова, А.Қылышбекова номинация жеңімпазы. Оқытушы Б.Исатай шығармашылық есебін бермеді.

«Үздік кабинет 2020» байқауында №120 кабинеті /жетекшісі Б.Танатарова/, №116 кабинеті /жетекшісі И.Қожамбаева/, №118 кабинеті /жетекшісі Ж.Уртаева/ таза, кабинет талаптары сақталған.

"Жаратылыстану және қоғамдық білім беру пәндері" ЦӘК жетекшісі М.Жаңбырбай.

ЦӘК-те 8 оқытушы бар. ЦӘК оқытушылары апталық пен пәндер бойынша олимпиадалар өткізді. Өткізген іс шаралары өте мазмұнды, студенттердің жан-жақты қабілеттерін ашып, қызықты өткізілді, құжаттары жинақталып, хаттамалары толтырылған. 1 оқытушы /К.Қарабаева, С.Аптауова/ жоғары санатқа, /Ж.Изтилеуова/ І санатқа, /Ә.Қарнақбаева/ ІІ санатқа өтті. ЦӘК оқытушылары кесте бойынша ашық сабақтарын өткізді /оқытушы И.Қазыбай ашық сабағын өтпеді/.

Рухани жаңғыру аясында «Білім мазмұнын жаңарту» атты оқытушылардың ғылыми-шығармашылық конференциясында оқытушы К.Қарабаева ІІ дәрежелі дипломмен, С.Аптауова, Ә.Қарнақбаева ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

Республикалық, облыстық ғылыми- практикалық конференция мен байқау, олимпиадаларға 4 оқытушы /Ж.Изтилеуова, М.Жаңбырбай С.Аптауова, К.Қарабаева/ баяндамаларымен қатысты, жұмыстары жинаққа енгізілді.

Студенттердің республикалық, облыстық конференция мен байқау, олимпиадаларға жетекшілік жасаған оқытушылардың /С.Аптауова, К.Қарабаева, М.Жаңбырбай, Ә.Қарнақбаева/ студенттері жүлделі орындарға ие болып, дипломмен марапатталды.

Педагогикалық баспасөзде оқытушылардың мақалаларын жариялауда Республикалық "Білім KZ" журналына оқытушы С.Аптауова, Ж.Изтилеуова, М.Жаңбырбайдың әзірлемелері, «Өрлеу тынысы» аймақтық педагогикалық журналына С.Аптауова, республикалық «Еңбекші» газетіне оқытушы Ғ.Ибраимовтың мақаласы жарияланды.

2019-2020 оқу жылында оқытушы А.Сырғабаев, М.Жаңбырбай, Ж.Изтилеуова, И.Қазыбай, С.Аптауова, К.Қарабаева, Ә.Қарнақбаева, Ғ.Ибраимов біліктілігін курстардан көтерді.

Бекітілген жоспарға сәйкес пәндер бойынша ЦӘК олимпиадасы "Үздік" деп танылды. «Үздік портфолио 2020» байқауында оқытушы С.Аптауова үздік деп танылды.

«Шығармашылық көрме» байқауы COVID-19 вирусының таралуына байланысты жарияланған ҚРБЖҒМ 01.04.20ж №123 бұйрығының 1-ші қосымшасы, 19 тармағына сәйкес оқытушылардың қашықтықтан дайындаған оқу-әдістемелік кешендері қаралды, нәтижесінде оқытушы И.Қазыбай, Ж.Изтилеуова, С.Аптауова, Э.Қарнақбаева оқу-әдістемелік кешендері ереже талаптарына сай жинақталған.

«Үздік сабақ -2020» байқауында оқытушы С.Аптауова, К.Қарабаева, М.Жаңбырбай номинация жеңімпазы.

«Үздік кабинет -2020» байқауында №313 /жетекшісі С.Аптауова/, №103 /жетекшісі К.Қарабаева/ кабинеті таза, кабинет талаптары сақталған.

"Арнайы ақпараттық-химиялық және технологиялық білім беру пәндері" ЦӘК жетекшісі Т.Ұзақбаев. ЦӘК-те 8 оқытушы бар. ЦӘК оқытушылары апталық пен пәндер бойынша олимпиадалар өткізді. Өткізген апталықтың құжаттары жинақталмады. 1 оқытушы /Т.Ұзақбаев / II санатқа өтті. ЦӘК оқытушылары кестеге сай ашық сабақтарын өткізді

Абайдың рухани әлемі «Білім және ғылым жайында» атты студенттердің ғылыми-шығармашылық конференциясында I-ші дәрежелі дипломмен 0816-18-9б тобының студенті Тілепберді Фархат /жетекшісі А.Булекбаева/, III-ші дәрежелі дипломмен 0816-17-9б тобының студенті Утепова Құттыгүл /жетекшісі Т.Ұзақбаев/, 1201-17-9б тобының студенті Сабуров Бақытжан, Нажматов Тұрдымұрат /жетекшісі М.Қырғызбаев/, «Жас зерттеуші» номинациясымен, 1305-17-9б тобының студенті Мусаев Руслан /жетекшісі Н.Асанова/, «Шығармашылық идея» номинациясымен марапатталды.

Республикалық, облыстық ғылыми- практикалық конференция мен байқауларға 2 оқытушы /Н.Асанова, Г.Жуманалиева/ баяндамаларымен қатысты, жұмыстары жинаққа енгізілді.

2019-2020 оқу жылында оқытушы Н.Асанова, Г.Жуманалиева, А.Булекбаева, М.Қырғызбаев, Т.Ұзақбаев біліктілігін курстардан көтерді.

«Шығармашылық көрме» байқауы COVID-19 вирусының таралуына байланысты жарияланған ҚРБЖҒМ 01.04.20ж №123 бұйрығының 1-ші қосымшасы, 19 тармағына сәйкес оқытушылардың қашықтықтан дайындаған оқу-әдістемелік кешендері қаралды, нәтижесінде оқытушы Т.Ұзақбаев, Г.Жуманалиева оқу-әдістемелік кешендері ереже талаптарына сай жинақталған. Оқытушы Н.Асанова шығармашылық есебін берді.

«Арнайы құрылыс білім беру пәндері» ЦӘК жетекшісі Ж.Салыбекова. ЦӘК-те 7 оқытушы бар. ЦӘК оқытушылары апталық пен пәндер бойынша олимпиадалар өткізді. Өткізген іс шаралары өте мазмұнды, студенттердің жан-жақты қабілеттерін ашып, қызықты өткізілді, құжаттары жинақталып, хаттамалары толтырылған. Оқытушы /Д.Маселбеков/ қайта растау санатынан өтті. ЦӘК оқытушылары кесте бойынша ашық сабақтарын өткізді өткізді /оқытушы К.Байсеитов, Л.Естебекова, А.Шонов ашық сабағын өтпеді/.

Абайдың рухани әлемі «Білім және ғылым жайында» атты студенттердің ғылыми-шығармашылық конференциясында II-ші дәрежелі дипломмен 1401-18-96 тобының студенттері Берда Валерия, Карасикова Татьяна /жетекшісі Л.Естебекова/ марапатталды.

Студенттердің республикалық, облыстық конференция мен байқауларға жетекшілік жасаған оқытушы /Ж.Салыбекованың/ студенті жүлделі орындарға ие болып, дипломмен марапатталды.

Педагогикалық баспасөзде оқытушылардың мақалаларын жариялауда Республикалық "Білім KZ" журналына оқытушы Е.Қамысбаевтың әзірлемесі, республикалық «Білімді ел», "Еңбекші", облыстық «Білім шырағы», аудандық «Талас тынысы» газетіне Д.Маселбеков, А.Ильясов, Ж.Салыбекованың мақалалары жарияланды.

2019-2020 оқу жылында оқытушы Д.Маселбеков, А.Ильясов, Ж.Салыбекова, Е.Қамысбаев, Л.Естебекова, К.Байсеитов біліктілігін курстардан көтерді.

Бекітілген жоспарға сәйкес пәндер бойынша «Үздік сабақ -2020» байқауында оқытушы Ж.Салыбекованың сабағы "Үздік" деп танылды.

«Шығармашылық көрме» байқауы COVID-19 вирусының таралуына байланысты жарияланған ҚРБЖҒМ 01.04.20ж №123 бұйрығының 1-ші қосымшасы, 19 тармағына сәйкес оқытушылардың қашықтықтан дайындаған оқу-әдістемелік кешендері қаралды, нәтижесінде оқытушы Е.Қамысбаев, К.Байсеитов, Л.Естебекова оқу-әдістемелік кешендері ереже талаптарына сай жинақталған.

«Үздік кабинет -2020» байқауында №402 /жетекшісі Ж.Салыбекова/, №418 /С.Анарбекова/ кабинеті таза, кабинет талаптары сақталған.

"Арнайы газ жүйелері мен ішкі санитарлық құрылғылары білім беру пәндері" ЦӘК жетекшісі Ж.Нұрлыбаева. ЦӘК-те 5 оқытушы бар. ЦӘК оқытушылары апталық пен пәндер бойынша олимпиадалар өткізді. Өткізген

іс шаралары өте мазмұнды, студенттердің жан-жақты қабілеттерін ашып, қызықты өткізілді, құжаттары жинақталып, хаттамалары толтырылған. ЦӘК оқытушылары кесте бойынша ашық сабақтарын өткізді.

Рухани жаңғыру аясында «Білім мазмұнын жаңарту» атты оқытушылардың ғылыми-шығармашылық конференциясында оқытушы Ж.Нұрлыбаева ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

Республикалық, облыстық ғылыми- практикалық конференция мен байқауларға 2 оқытушы /А.Шуленбаева, Н.Субинов/ қатысты, жұмыстары жинаққа енгізілді.

Педагогикалық баспасөзде оқытушылардың мақалаларын жариялауда Республикалық "Білім KZ" журналына оқытушы А.Шымырбекованың әзірлемесі, республикалық «Білімді ел» газетіне оқытушы С.Анарбекованың мақаласы, оқытушы А.Шуленбаева аудандық «Талас тынысы» газетіне мақаласы жарияланды.

2019-2020 оқу жылында оқытушы А.Шуленбаева, С.Анарбекова, Ж.Нұрлыбаева, Н.Субинов, А.Шымырбекова біліктілігін курстардан көтерді.

Бекітілген жоспарға сәйкес пәндер бойынша «Үздік сабақ -2020» байқауында оқытушы Ж.Нұрлыбаеваның сабағы "Үздік" деп танылды.

«Шығармашылық көрме» байқауы COVID-19 вирусының таралуына байланысты жарияланған ҚРБЖҒМ 01.04.20ж №123 бұйрығының 1-ші қосымшасы, 19 тармағына сәйкес оқытушылардың қашықтықтан дайындаған оқу-әдістемелік кешендері қаралды, нәтижесінде оқытушы А.Шуленбаева, Н.Субинов, С.Анарбекова оқу-әдістемелік кешендері ереже талаптарына сай жинақталған.

Оқытушы Н.Субинов шығармашылық есебін берді.

«Үздік кабинет -2020» байқауында №413 /жетекшісі Н.Субинов/ кабинеті таза, кабинет талаптары сақталған.

«Арнайы электротехникалық білім беру пәндері» ЦӘК жетекшісі Б.Медеубаева. ЦӘК-те 6 оқытушы бар. ЦӘК оқытушылары апталық пен пәндер бойынша олимпиадалар өткізді. Өткізген апталық пен пәндер олимпиадасының құжаттары жинақталмады. ЦӘК оқытушылары кесте бойынша ашық сабақтарын өткізді /оқытушы Н.Жүзбаев ашық сабағын өтпеді/.

Республикалық, облыстық ғылыми- практикалық конференция мен байқауларға 3 оқытушы /Б.Медеубаева, А.Утепбаев, Ж.Мәселбек/ қатысты,

жұмыстары жинаққа енгізілді.

Студенттердің республикалық, облыстық конференцияда жетекшілік жасаған оқытушы /Н.Жүзбаев/ студенті жүлделі орынға ие болып, дипломмен марапатталды.

Педагогикалық баспасөзде оқытушылардың мақалаларын жариялауда Республикалық "Білім KZ" журналына оқытушы Ж.Мәселбек, А.Утепбаевтың әзірлемесі жарияланды.

2019-2020 оқу жылында оқытушы Б.Медеубаева, А.Утепбаев, Т.Боранбаев, Н.Жүзбаев, Ж.Мәселбек біліктілігін курстардан көтерді.

Оқытушы Т.Боранбаев, Ж.Мәселбек шығармашылық есебін берді.

2.4.7. Апталықтар

«Жалпы тілдер, дене шынықтыру және БӘД білім беру пәндері» ЦӘК-ның апталығы қыркүйек айының 16-21 жұлдызы аралығында «Рухани жаңғыру кілті-мемлекеттік тілде» атты тіл апталығы өтті. Апталықтың ашылу салтанатын ерекше форматта өткізу және колледжде сенім атмосферасын біртіндеп құру мақсатында ЦӘК төрайымы Ж.Уртаеваның ұйымдастыруымен колледж алаңында «Ашық жүрек» адалдық жәрмеңкесі өтті. «Адалдық жәрмеңкесінде» студенттер мен оқытушыларға тәтті тоқаштар, тағамдар, сусындар ұсынылып, тұтынушы өзі сауда жасады. Сонымен қатар, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай колледж оқытушылары мен студенттері арасында әлеуметтік желіде «#Абай175 челленджін оқытушы Н.Бақытханқызы бастап, колледж студенттеріне жолдады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында колледж кітапханасымен бірлесе отырып, фойеде «100 жаңа оқулық» жобасы акциясы өтті. Акция кезінде оқулықтарға қысқаша түсініктеме беріліп отырды. Рухани жаңғыру кабинетінде қазақ тілі пәнінің оқытушысы И.Қожамбаеваның ұйымдастыруымен «Латын әліпбиінің ағылшын тілімен ұқсастығы мен айырмашылығы» тақырыбында дөңгелек үстел I-IV курс білім алушылары арасында өтті. Оқытушы Н.Бақытханқызы 0902-19-96 тобында қазақ әдебиеті пәнінен «М.Өтемісұлы. Ақынның өмір сүрген дәуірі. «Ереуіл атқа ер салмай»» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақта көптеген әдістерді қолданып, студенттермен Махамбеттің шығармаларына талдау жасады. Ал шет тілі пәнінің оқытушысы А.Қылышбекова I-IV курс білім алушылары

арасында «Modern singer» караоке шоу өткізді. Сайыста бірнеше қызықты кезеңдер болды. Берілген кезеңдерден сүрінбей 1201-18-96 тобы жеңіске жетіп, түскі асқа сертификат ұтып алды. Орыс тілі пәнінің оқытушы Б.Танатарова 1405-19-96 тобында «А.С.Пушкин. Лирика. Роман в стихах «Евгений Онегин»» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақта көптеген әдістерді көрсете білді. БЛУМ таксономиясы бойынша студенттер іздену жұмыстарын жүргізді. А.С.Пушкин өмірінен бірнеше бейнеролик, фильмдерінен үзінді көрсетіп, талдау жасады. Сабақ жоғары деңгейде өтті. Дене шынықтыру, БӘД пәнінің оқытушылары Қ.Шыныбеков, Н.Толеков, Б.Айжанов, Б.Исатайдың ұйымдастыруымен Рухани жаңғыру аясында І-курс студенттері арасында «Салауатты өмір салтын қолдайық» эстафеталық жарыс өтті. Жарыстың мақсаты білім алушыларды жан-жақты, дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан жеке тұлғаларды тәрбиелеу болып табылды. Эстафетаға «Барыс», «Лашын», «Химик», «Талас» топтары қатысты. Жарыстың 3 кезеңнен сүрінбей жеңіске «Лашын» тобы жетті. Оқытушы Б.Танатарова «Абай и Пушкин в моей жизни» атты І-ІV курс білім алушылары арасында мәнерлеп оқу байқауын ұйымдастырды. Қатысушылар Абай және Пушкин өлеңдерін мәнерлеп, жатқа оқып, слайд арқылы өмірі мен шығармаларына назар аударды. Нәтижесінде жеңіске жеткен студенттер «Лучший чтец», «Лучшая дикция», «Лучшая интонация» номинацияларымен марапатталып, сыйлықтарға ие болды. Оқытушы А.Қылышбекова 0816-19-96 тобында «Astana is the capital of Kazakhstan» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақта көптеген ойын технологияларын қолдана отырып, студенттердің шет тіліне деген қызығушылығын арттыра білді. Қазақ тілі пәнінің оқытушысы Н.Бақытханқызы қазақ халқының ұды ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай І-ІІ курс білім алушылары арасында «Абай деп соққан жүректер...» атты байқау өткізді. Байқау 3 кезеңнен тұрды, мәнерлеп оқу, өмірі мен шығармаларынан викториналық сұрақтар, Абай өмірінен көрініс көрсету. Білім алушылар өз өнерлерін ортаға салып, көрермендерің қызығушылығын тудыра білді. Байқау кезеңдерінен 0816-18-96 тобы сүрінбей, жеңіске жетті. «Кристалл» кафесіне сертификат алды. Сонымен қатар, А.Құнанбайұлының 175 жылдығына орай колледж оқытушылары мен студенттері арасында әлеуметтік желіде «#Абай175 челленджінің жалғасын колледж студенттері Жамбыл Облысы Әкімдігінің Білім Басқармасының басшысы

Р.Сейтбекқызына жолдады. «Рухани жаңғыру кілті-мемлекеттік тілде» атты тіл апталығында белсенділік танытқан студенттер марапатталып, сыйлықтарға ие болды. 2019-2020 оқу жылында ЦӘК апталығы "Үздік" деп танылды.

«Арнайы құрылыс білім беру пәндері» ЦӘК-ның апталығы қазан айының 07-12 жұлдызы аралығында «Бүгінгі жас маман келер ұрпақтың сәулеткері» атты тақырыпта өтті. Апталықтың ашылуы барысында колледж білімгерлері флешмоб биін биледі. «Менің тобымның селфиі», «Мен және колледж» фото сайысы тақырыбында колледж студенттері арасында үздік фото сайысы жарияланды. Оның ережесі туралы айтылды. Бұл тәсіл колледждің барлық студенттерін белсенді қатыстыру, шығармашылыққа жақын студенттерді шығармашылық қабілеттерін дамыту және топты ұйымшылдыққа шақырады. Оқытушы Е.Қамысбаев «Керамические изделия для облицовки фасадов» тақырыбында «Құрылыс материалдары мен бұйымдарын пайдалану аймағы» пәнінен 1401-18-96 тобымен ашық сабақ өткізді. Е.Қамысбаев «Ұстаздар - ұлы тұлғалар» ашық тәрбие сағатын өткізді. Ұстаздарға арналған мерекелік іс-шара өтті. Оқытушы Ж.Салыбекова «Құрылысты-монтаждау өндірісінің технологиясы және оны ұйымдастыру» пәнінен «Қыс кезіндегі жер жұмыстарын жүргізу» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақ «өте жақсы» деп бағаланды. Оқытушы Л.Естебекова АКТ залында «Қыздарға әсемдік жарасады» тақырыбында мастер класс өткізді. «Өнеріне қарай – өрнегі, тірлігіне қарай тірнегі» деп визажист мастер класста әр топтан қыздарға макияж жасалды. «Құрылыс әрлеу жұмыстарының үздік шебері», «Біз құрылысшылар» тақырыбында кәсіби байқау ұйымдастырылды. Байқау ережесі: құрылыс мамандығы бойынша 2 топтан қатысушылар таңдалады. Олар құрылыс әрлеу жұмыстарының орындалу талаптарын сақтай отырып әр кезеңдерінен тез және сапалы әрлеудің кәсіби шеберліктерін көрсетіп, жеңімпаздар марапатталды. ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен «Көңілді студент!» ойын бағдарламасы өтті. Студенттер жақсы көңіл күй сыйлау арқылы адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу мақсатында өткізілген іс-шара қызықты өтті. Ойын бірнеше жұптың қатысуымен бірнеше кезеңнен тұратын, яғни сұрақ –жауап, жылдамдыққа, пікір алмасу және латын қарпінде тақтаға мақал жазудан сайыс түрінде өткізілді. Сондай-ақ апталықтың ашылуында жарияланған «Менің тобымның селфиі», «Мен және колледж» фото сайысы

өз мәресіне жетіп, қорытындысы бойынша ең көп лүпіл жинаған топ студенттері үздік болып танылып, арнайы сыйлықтармен марапатталды.

«Арнайы газ жүйелері мен ішкі санитарлық құрылғылары білім беру пәндері» ЦӘК-ның апталығы ақпан айының 10-15 жұлдызы аралығында «Газ және ішкі санитарлық жүйемен қамтамасыз ету мамандықтарында ақпараттық, цифрлық технологияларды қолдану арқылы кәсіби білімді дамыту» тақырыбында өтті. Апталықтың ашылуы. Ж.Д. Нұрлыбаеваның ұйымдастыруымен «Кім білгір» атты сыныптан тыс іс-шара өткізілді. 4 – кезеңнен тұратын іс шараға колледждің I-IV курс аралығындағы әр топтан 1 студент қатысты. Аталған шарада мамандыққа қызықтыруға негізделген тапсырмалар қамтылды. Өте тартысты өткен шарада 1405-17-96 тобының студенті Аман Сабина 1-ші орын, 1405-19-96 тобының студенті А. Мусайб 2-ші орын, 0816-19-96 тобының студенті А.Әбілда 3-ші орын алды. Оқытушы Н.К. Субиновтың «Газды жабдықты қайта қалпына келтіру бойынша жөндеу жұмыстарын орындау» пәні бойынша «Үй іші газ құбырлары» тақырыбында ашық сабағы кестеге сәйкес өткізілді. Жаңа модульдік жүйе бойынша өткізілген сабақтың білімгерлерге берері мол болды. Оқытушы ақпараттық –коммуникативті технологияны, миға шабу, топтастыру және тірек конспект әдісін өз сабағында тиімді қолдана білді. Онлайн тест ойын «Quizlet» өте тартысты өтті. Сабақтың нәтижесі колледждің әдістемелік кабинетінде талқыланып кемшіліктері мен ұтымды тұстары атап көрсетілді және «жақсы» деп бағаланды. ЦӘК оқытушысы А.М. Шымырбекова «Газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсету жұмыстары» пәні бойынша «Елді мекен және қалалардың газбен жабдықтау жүйесі» тақырыбында ашық сабақ өтті. Оқытушы Ж.Д. Нұрлыбаеваның ұйымдастыруымен Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай «Абай деп соққан жүректер.....» акциясы өткізілді. Акция колледждің фойесінде ұйымдастырылды. Арнайы дайындалған үлкен ақ банерге колледж студенттері мен оқытушылары өздері жатқа білетін Абайдың өлеңдерінен 1 шумақ , қара сөздерінен үзінді және өмірінен білгендерін жазды. Осы акцияға студенттер өте жоғары қызығушылық танытты және белсенді қатысты. Оқытушы А.М. Шымырбекованың ұйымдастыруымен Рухани жаңғыру аясында «Газ шаруашылығының бүгіні мен ертеңі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Оқытушы Ж.Нұрлыбаева «Тот басудан газ құбырларын электрохимиялық қорғау» пәнінен «Катодты әдіспен қорғау

станциясының құрылымы» атты тақырыбында ашық сабақ өткізді. Оқытушы сабақта ақпараттық-коммуникативті технологияны оның ішінде интербелсенді тақтаның мүмкіншіліктерін, kahoot, quizlet бағдарламаларын қолданды. Ойын және рольдік ойын технологияларын қолдану арқылы студенттердің белсенділігін және мамандыққа деген қызығушылығын арттыра білді. Сабақ «өте жақсы» деп бағаланды. Апталықтың жабылуында ЦӘК құрамына кіретін мамандықтар бойынша барлық білімгерлер шақырылып арнайы пән оқытушысы Н.Субинов 1405.000 «Газбен қамтамасыз ету жүйесі мен жабдықтарды монтаждау және пайдалану» мамандығының студенттерімен «Жылдам газовик» сайысын өткізді. Сайысқа мамандық бойынша III-IV курс студенттері қатысты. Іс шарада мамандыққа байланысты сұрақтар және іскерлік тапсырмалар орындалды. «Еріктілер жылы-жаңа бағыт» волонтерлық бағытта челлендж бойынша үздік топ -1405-19-96 тобы деп танылса, "Әлемнің екінші ұстазы" атанған Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай қабырға газетін жасау бойынша 1-орын 1405-19-96 тобы, 2-орын 1405-17-96 тобы, 3-ші орын 1405-18-96 тобы танылды. Апталық барысында белсенділік көрсеткен студенттер марапатталды.

«Арнайы электротехникалық білім беру пәндері» ЦӘК-ның апталығы ақпан айының 17-22 жұлдызы аралығында «Электротехникалық мамандықтарында заманауи кәсіптік құзіреттілікті арттыру» тақырыбында өтті. Апталықтың ашылуында апта бойы өтілетін іс-шаралардың жоспарымен ЦӘК төрайымы Б.Медеубаева таныстырып өтіп, «Абай-дана, Абай-дара» ашық тәрбие сағатын өткізді. Оқытушы А.Утепбаев пен Н.Жүзбаев «2020 Еріктілер жылына байланысты электрлік құрылғылар мен тұрмыстық заттарды жөндеу акциясын» апта бойы жүргізілетіні туралы хабардар етті. Апталықтың екінші күні оқытушы А.Утепбаев пен Н.Жүзбаев «Электрлік қондырғылармен жұмыс» тақырыбында шеберлік мектебін өткізді. Оқытушы Б.Медеубаева 092-16-96 тобында «Электр энергиясынын есепке алу жүйелері және ұйымдастыру» пәнінен «Санауыштарды жинақтауда ескерілетін ережелер» тақырыбында ашық сабақ өтті. Ашық сабақ жақсы деп бағаланды. Оқытушы Т.Боранбаев 1401-18-96 тобында «Электротехника» пәнінен «Полупроводниковые приборы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Оқытушы Н.Жүзбаев үйірме жұмысында «Баламалы электр

энергия көзі» атты дөңгелек үстел өткізсе, оқытушы А.Утепбаев 0816-18-96 тобында «Электротехника» пәнінен «Өлшеуіш аспаптар» тақырыбында ашық сабағын өтті. Сабағы «жақсы» деп бағаланды. Апталықтың жабылуында ЦӘК оқытушылары 0902; 0707 мамандықтарын қатыстыра отырып «Супер электрик» сайысын өткізді. Сайыс қызықты өтті, соңында апта бойы қатысқан студенттерді марапаттады.

«Қоғамдық және жаратылыстану білім беру пәндері» ЦӘК-ның апталығы наурыз айының 3-7 жұлдызы аралығында «Құзыреттілікке бағытталған білім қоғамдық – жаратылыстану бағытында» атты апталықтың ашылу салтанаты өтті. Ашылуда апта бойы өтілетін іс – шаралардың жоспарымен ЦӘК төрайымы М.Жаңбырбай таныстырып өтті. Осы күні ЦӘК оқытушысы Ж.Изтілеуова «Тауар құрылымы» тақырыбында 1305-17-96 тобында ашық сабақ өткізді. Ашық сабаққа колледж әдіскері мен бөлім меңгерушісі, ЦӘК оқытушылары қатысты. Сабақты «жақсы» деп бағалады. Оқытушы С.Аптауова «Әміршіл –әкімшіл жүйенің қалыптасуы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақты «жақсы» деп бағалады. С.Аптауова колледждің белсенді 1-курс студенттерімен мен дебат клубының қатысуымен «Бақыттың мәні-парасаттылықта» тақырыбында пікірталас өткізді. Студенттердің тарапынан қойылған сұрақтарға ЦӘК оқытушысы жауап беріп, тақырыпты кеңінен талқылады. Оқытушы Э.Қарнақбаева «Африка елдері» тақырыбында 0816-19-96 тобында ашық сабақ өткізді. Сабақты «жақсы» деп бағалады. Оқытушы М.Жаңбырбай «Жайдарман-2020» атты сайыс өткізді. Сайыс өз деңгейінде өткізілді. М.Жаңбырбай «Фосфор және оның қосылыстары» тақырыбында 0816-18-96 тобында ашық сабақ өткізді. Сабақты «өте жақсы» деп бағаланды. Оқытушы Ж.Изтілеуова «Асылым да, ардағым да – Анашым» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағаты «өте жақсы» деп бағаланды. Оқытушы К.Қарабаева «Ана-көктем, қыздар гүл» тақырыбында колледждің 1-2 курс студенттерінің қыздар қауымы қатысуымен байқау өткізді. Оқытушы Э.Қарнақбаева мен ЦӘК төрайымы М.Жаңбырбай «Сен де бір кірпіш, дүниеге. Кетігін тап та, бар қалан» тақырыбында интеллектуалдық сайыс өткізді. Жалпы апталықта жоспарланған сабақтар мен іс – шаралар түгел уақытында өткізілді.

"Арнайы ақпараттық-химиялық және технологиялық білім беру пәндері" ЦӘК-ның апталығы наурыз айының 10-16 жұлдызы аралығында «Автомобиль жөндеу, ақпараттық жүйе, химиялық өндіріс мамандықтары студенттерінің кәсіби білімін арттыруда заманауи технологияны қолдану» атты апталықтың ашылу салтанаты өтті. Ашылуда апта бойы өтілетін іс – шаралардың жоспарымен ЦӘК төрағасы Т.Ұзақбаев таныстырып өтті. Оқытушы Г.Жуманалиева 1305-17-96 тобында А.Құнанбайұлының 175 жылдығынан орай интеллектуальды сайыс өткізді. Оқытушы Л.Сүлейменова «Химиялық ақпараттар құрылым материалдары» пәнінен 0816-18-96 тобында «Химия өндірісіндегі қара түсті металдар және құймалар түрлері» тақырыбында ашық сабақ өтті. Осы апталықта оқытушы Т.Ұзақбаев 1201-18-96 тобында «Дифференциал және жартылай осьтер» тақырыбында ашық сабағын өтсе, оқытушы М.Қырғызбаев 1201-17-96 тобында «Жол қиылысынан өту» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ «жақсы» деп бағаланды. Оқытушы Л.Сүлейменова акт залында «Мамандығым - мақтанышым» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. 0816-17-96 тобында оқытушы А.Булекбаева «Ғажайып химия» байқауын өткізсе, оқытушы М.Қырғызбаев «Шеберлікті шыңдау» шеберлігін 1201-17-96 тобында өтті. Оқытушы Г.Жуманалиева 1305-18-96 тобында «Файлдық менеджердің функциональдық пернелерімен жұмыс» тақырыбында ашық сабақ өтсе, оқытушы Н.Асанова «Электрондық почта» тақырыбында 1305-17-96 тобында өтті. Сабақ «жақсы» деп бағаланды. Апталықтың жабылуында оқытушы Н.Асанова «ІТ-техник» шеберлік мектебін өтсе, оқытушы А.Булекбаева «Синтез технологиясындағы қазіргі заманға бағыттар» тақырыбында 0816-17-96 тобында ашық сабағын өтті. ЦӘК төрағасы Т.Ұзақбаев апталықта белсенділік көрсеткен студенттерді марапаттады.

Барлық апталықтарда ашық сабақтар, сыныптан тыс іс – шаралар, өткізілді. Көптеген оқытушылар сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану арқылы өткізілді.

Колледж акт залында суреттермен, слайдтармен көркемдеу арқылы өткізілген сыныптан тыс іс-шаралар, әр түрлі жарыстар, байқаулар, дебаттар арқылы студенттерге сапалы білім, саналы тәрбие берілді.

Компьютерлік кабинеттер оқытудың техникалық құралдарымен жабдықталған және ақпараттық бағдарламалармен қамтамасыз етілген.

Лекциялық сабақтарды өткізуде оқытушылар мамандықтары бойынша

негізгі әдебиеттермен қоса ғылыми әдебиеттер мен анықтамалықтарды, қосымша оқу әдебиеттерін, баспасөз материалдарын, интернет жүйесі арқылы алған материалдарын пайдалануда. Лекция жинақтары электронды түрде жинақталуда.

Тәжірибелік сабақтарда кәсіби жағдайлардың нақтылығы кеңінен қолданылады. Сызбалар, кестелер және бейнебаян материалдары пайдалануда.

Зертханалық – тәжірибелік сабақтарды өту кезінде оқытушылар электронды оқулықтарды қолданады және іс – тәжірибе жасап көрсетеді (демонстрациялау) немесе виртуальды зертханалық сабақтарды қолдану арқылы жүргізеді. Зертханалық жұмыстарға әдістемелік нұсқаулар, сілтемелер дайындалған.

Оқытушылар лабораториялардың жабдықталуына, кабинеттердің әртүрлі ақпараттық-дидактикалық құжаттарымен қамтылуына, студенттердің білімін бақылау үшін көрнекілік – таратпалы материалдармен қамтамасыз етілуіне белсенді атсалысады.

Колледжде оқу үрдісін жаңғырту жоспары жасалынған. Негізгі мақсаты: қазіргі инновациялық технологиялардың теориялық негіздерін оқып – білу, зерттеу, сабақ үрдісіне қолдану, оқытудың кредиттік технологиясын, оқытудың дуальды жүйесінің элементтерін, қашықтықтан оқыту технологиясын зерттеп, сабақ үрдісінде қолдану және оқу-өндірістік шеберханаларды, зертханаларды оқу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету.

Колледж оқытушылары сабақтың мына типтерін қолданып өткізуде:

- Аралас сабақ
- Жаңа сабақты хабарлау
- Алған білімді жинақтау және бекіту сабағы
- Модульдік оқыту б/ша сабақ жоспары

Өткізілген сабақтардың сапасын директордың орынбасарлары, әдіскер, бөлім меңгерушілері, циклдік-әдістемелік комиссия жетекшілері талдайды және циклдік-әдістемелік комиссия оқытушылары жоспарға сәйкес кесте бойынша бір-бірінің сабақтарына және ашық сабақтарына қатысады. Циклдік-әдістемелік комиссияның отырысында пәндер бойынша сабақ беру барысы, сапасы, топтардың үлгерімі, оқытушылардың шығармашылық жұмыстары, ашық сабақтардың нәтижелері және т.б. жұмыстар талқыланады.

Кейбір оқытушылар сабақ жоспарларының құрылымын толық аша білуі керек, өзара сабаққа көбірек қатысып, тәжірибе алмасу керек.

2.4.8.Ашық сабақтар

Колледжде әрбір пәннен ашық сабақтарды өткізудің кестесі құрылып, кесте бойынша сабақтар өткізілді.

2019-2020 оқу жылында - 35 сабақ жоспары бекітілген, 27 сабақ жоспары өткізілді, материалдары жинақталып, хаттамалары толтырылды. Ашық сабақ өткізбеген оқытушылар /И.Қазыбай, Н.Жүзбаев, А.Шонов, Л.Естебекова, К.Байсеитов, Б.Исатай, Б.Айжанов, Қ.Шыныбеков/.

2.4.9. Олимпиадалар

Әдістемелік орталықтың бірден-бір міндеті студенттердің білім сапасын көтеру, әрқашанда сараптап отыру. Осы мақсатта жыл сайын циклдік-әдістемелік комиссияларда әрбір пәннен олимпиадалар өткізуде. Биылғы оқу жылында өткізілген олимпиадалар:

2019-2020 оқу жылында олимпиаданы өз деңгейінде, ережеге сәйкес өткізген "Жаратылыстану және қоғамдық білім беру пәндері" ЦӘК олимпиадасы "Үздік" деп танылды.

2018-2019 оқу жылында олимпиаданы өз деңгейінде, ережеге сәйкес өткізген «Жалпы тілдер және дене шынықтыру, АӘД білім беру пәндері» ЦӘК олимпиадасы "Үздік" деп танылды.

Әдістемелік орталықтың бірден-бір міндеті білімгерлердің білім сапасын көтеру, әрқашанда сараптап отыру. Осы мақсатта жыл сайын циклдік-әдістемелік комиссияларда әрбір пәннен олимпиадалар өткізуде. Биылғы оқу жылында өткізілген олимпиадалар:

1	"Жалпы тілдер және дене шынықтыру, БӘД білім беру пәндері" ЦӘК	18.02-20.02.20ж.	Ж.Уртаева
2	"Жаратылыстану және қоғамдық білім беру пәндері" ЦӘК	19.11-21.11.19ж.	М.Жаңбырбай
3	"Арнайы ақпараттық-химиялық және технологиялық білім беру пәндері" ЦӘК	4.02-6.02.20ж.	Т.Ұзақбаев/ А.Ильясов
4	«Арнайы құрылыс білім беру пәндері» ЦӘК	22.10-24.10.19ж.	Ж.Салыбекова

5	«Арнайы газ жүйелері мен ішкі санитарлық құрылғылары білім беру пәндері" ЦӘК	25.02-27.02.20ж	Ж.Нұрлыбаева
6	«Арнайы электротехникалық білім беру пәндері" ЦӘК	4.02-6.02.20ж.	Б.Медеубаева

2.4.10.Байқаулар

Оқытушыларымыздың кәсіби шеберлік деңгейін көтеру, анықтау мақсатында әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен үнемі әртүрлі байқаулар өткізілуде.

2018 жылы қараша айында оқытушы И.Қожамбаева облыстық Ш.Айтматовтың 90 жылдығына орай өткізілген облыстық «Әлем әдебиетінің алып тұлғасы-Айтматов» колледжаралық Айтматов оқуларының сахналық көрініс көрсету байқауына білімгерлерін қатыстырғаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.

2018 жылы қараша айында Д.Маселбеков республикалық «Үздік директор-2018» байқауына қатысып І-ші дәрежелі дипломға ие болды.

2018 жылы желтоқсан айында оқытушы Н.Жүзбаев І-ші республикалық байқауы «Үздік аудиториялық бейне сабақ» номинациясы бойынша ІІ орынға ие болды.

2018 жылы желтоқсан айында оқытушы Н.Бахытханқызы республикалық «Education awards -2018» эссе байқауына қатысып дипломмен марапатталды.

2018 жылы желтоқсан айында оқытушы И.Қожамбаева республикалық «Қазақстан-менің Отаным» атты интернет-байқауына білімгерлерін қатыстырғаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.

2018 жылы желтоқсан айында оқытушы Б.Танатарова республикалық «Мультфильмдердегі менің сүйікті кейіпкерім» интернет- байқауына білімгерлерін қатыстырғаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.

2018 жылы оқытушы Б.Исатай республикалық «Жергілікті әскери басқару органдарына 100 жыл» мерекесіне орай «Қазақстан Патриоты» мерейтойлық белгімен наградталды.

2019 жылы ақпан айында оқытушы А.Утепбаев республикалық техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары студенттерінің арасында өткізілген «ХАКАТОН» байқауына білімгерлерін қатыстырғаны үшін

сертификат иеленді.

2019 жылы наурыз айында оқытушы Ж.Уртаева республикалық педагогикалық «Қазақстан педагогы» байқауы «Лучший современный урок» номинациясы бойынша ІІІ-ші дәрежелі дипломмен марапатталды.

2019 жылы наурыз айында оқытушы Б.Исатай республикалық «Қазақстан ардагерлері» қауымдастығы кеңесінің шешімімен Бауыржан Момышұлы «Батыр шапағаты» медалін иеленді

2019 жылы наурыз айында оқытушы Г.Жуманалиева республикалық «Инновациялық білім заман талабы» атты ғылыми жобалар байқауына қатысып ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

2019 жылы наурыз айында оқытушы С.Мыңжанова, Н.Субинов, Ж.Уртаева, А.Шуленбаева Э.Қарнақбаева республикалық «Инновациялық білім заман талабы» атты ғылыми жобалар байқауына қатысып дипломмен марапатталды.

2019 жылы сәуір айында оқытушы Ж.Уртаева, Б.Медеубаева, А.Қылышбекова, Н.Қошанова, Н.Жүзбаев, Г.Асанова, Ж.Нұрлыбаева республикалық «Білім берудегі ұлттық құндылықтар мен инновациялық идеялар» байқауында «Үздік жоба номинациясына» қатысып дипломмен марапатталды.

2019 жылы сәуір айында оқытушы Э.Қарнақбаева республикалық «ІІІ дистанционный конкурс среди преподавателей инновационные методики ведения образовательного процесса» байқауында І-ші дәрежелі дипломмен марапатталды.

2019 жылы сәуір айында оқытушы Н.Субинов республикалық PLANET Skills «Үздік педагог-2019» байқауы «Сабақ әзірлемесі» номинациясы бойынша І-ші дәрежелі дипломмен марапатталды.

2019 жылы мамыр айында оқытушы М.Қырғызбаев облыстық «Үздік жас маман-2019» байқауы І-ші дәрежелі дипломмен марапатталды.

2019 жылы мамыр айында оқытушы Ж.Уртаева облыстық «Жастық жігер-жарқын болашақ» тақырыбында өзге ұлт өкілдері арасында қазақ тілінде олимпиада байқауына білімгерін қатыстырғаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.

«Үздік оқытушы-2019» байқауы

Колледжішілік "Үздік педагог – 2020" байқауында І орын Ж.Уртаева, ІІ орын Н.Субинов, ІІІ орын Г.Жуманалиеваға берілді.

Байқауда оқытушы Ж.Уртаева жеңіске жетіп, облыстық байқауға жолдама алды.

«Үздік әдістемелік бірлестік» байқауы

2019-2020 оқу жылында іс-қағаздары ережеге сай жинақталған. "Жалпы тілдер және дене шынықтыру, БӘД білім беру пәндері" ЦӘК төрайымы Ж.Уртаева байқаудың жеңімпазы атанды.

«Үздік кабинеті» байқауы

2019-2020 оқу жылында «Үздік кабинеті» байқауы өткізілді, байқау нәтижесінде комиссия мүшелері барлық кабинеттерді қарап шығып, №120 кабинеті /жетекшісі Б.Танатарова/, №116 кабинеті /жетекшісі И.Қожамбаева/, №118 кабинеті /жетекшісі Ж.Уртаева/, №313 кабинеті /жетекшісі С.Аптауова/, №103 /жетекшісі К.Қарабаева/, №402 /жетекшісі Ж.Салыбекова/, №418 /С.Анарбекова/, №413 /жетекшісі Н.Субинов/ кабинеттері таза, кабинет талаптары сақталғаны ескерілді.

"Үздік портфолио" байқауы

2019-2020 оқу жылында «Үздік портфолио» байқауында оқытушы Б.Танатарова мен С.Аптауованың портфолиосы **үздік** деп танылды. Портфолиосын жаңартып, талапқа сай жасап, толықтырып отырған оқытушылар Ж.Изтілеуова, М.Жаңбырбай, К.Қарабаева, А.Қылышбекова, Н.Бақытханқызы, Ж.Уртаева, А.Утепбаев, Н.Субинов.

«Үздік сабақ жоспары» байқауы

2019-2020 оқу жылында өткізген ашық сабақтардың байқау талаптарына сай құрастырып, жаңа инновациялық технологияны қолдана білген оқытушы Ж.Салыбекова, Ж.Нұрлыбаеваның ашық сабағы **үздік** деп танылды, сонымен қатар, сабақ жоспарын дұрыс құрған, технологияларды тиімді қолдана білген оқытушылар: Б.Танатарова, А.Қылышбекова, С.Аптауова, М.Жаңбырбай, К.Қарабаева,

«Шығармашылық көрме» байқауы

2019-2020 оқу жылында оқу-әдістемелік кешендер дайындау барысы бойынша шығармашылық көрме COVID-19 вирусының таралуына байланысты жарияланған ҚРБЖҒМ 01.04.20ж №123 бұйрығының 1-ші қосымшасы, 19 тармағына сәйкес оқытушылардың қашықтықтан дайындаған оқу-әдістемелік кешендері қаралды, нәтижесінде оқытушы Б.Танатарова, Қ.Шыныбеков, И.Қазыбай, Ж.Изтилеуова, С.Аптауова, Э.Қарнақбаева, Т.Ұзақбаев, Г.Жуманалиева, Е.Қамысбаев, К.Байсеитов, Л.Естебекова, А.Шуленбаева, Н.Субинов, С.Анарбекованың оқу-әдістемелік кешендері ереже талаптарына сай жинақталған.

Оқытушылар мен студенттердің байқауларға қатысу нәтижелерін қосымша 8 кесте мен мониторингке түсірілді.

2.4.11.Ғылыми - ізденіс жұмысы

Оқытушылардың біліктілігімен шығармашылық деңгейін көтеруде колледж оқытушылары бір қатар жұмыстар жүргізуде. Оқытушы шеберлігінің бірі-әдістеме саласындағы ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгере отырып, колледждің оқытушылары ғылыми жұмыстармен айналысып, түрлі халықаралық, республикалық, облыстық конференцияларға қатысуда.

Ғылыммен шұғылданып жүрген оқытушыларда, колледжімізде баршылық:

Колледж оқытушыларының зерттеушілік жұмыстарының негізгі мақсаттары:

- оқытушылардың шығармашылық әрекеті болуы;
- ғылыми тұжырым жасау;
- ғылыми әдістемелік білімін жетілдіру;
- ғылыми бағытта мақалалар, баяндамалар жазу;
- ғылыми дүние-танымдық көзқарасы болуы.

Колледжде әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен ғылыми-әдістемелік конференциялар жыл сайын өткізіледі. Жыл басында оқытушылардың ғылыми тақырыптары алынып, бекітілді.

2.4.12. 2019-2020 оқу жылында оқытушылардың мақалаларының педагогикалық басылымдарда және ғылыми-практикалық конференция жинақтарында жариялануы

2019-2020 оқу жылында 18 оқытушы облыстық, республикалық конференцияларға, семинар-практикумдарға қатысты.

- Onlin режимінде оқытуды ұйымдастырудағы инновациялық идеяларға қолдау көрсетіліп, ақпараттық-әдістемелік мәліметтер қорын құру жұмыстарын жүргізілуде.

2019 жылы Жамбыл облысы кәсіптік білім беру мекемелерінің өндірістік оқыту шеберлері арасында өткізілген облыстық «Үздік шебер - 2019» байқауына Ж.Мәселбек қатысып, номинацияға иеленді.

2019 Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында «Ұлы даланың ұлы есімдері» тақырыбындағы колледжд студенттері арасында өткен облыстық олимпиадасына дайындағаны үшін И.Қожамбаева Алғыс хатқа иеленді.

2020 жылы Халықаралық білім беру зияткерлік және шығармашылық «Путь знании» даму орталығының ұйымдастыруымен І халықаралық қашықтық олимпиадасына студенттерді айындағаны үшін К.Қарабаева грамотаға иеленді.

2020 жылы мамыр айында Тараз қаласында Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасымен, М. Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университеті және Жамбыл жоғары политехникалық колледжінің ұйымдастыруымен халықаралық Халықаралық «Әлем өркениетіндегі Фараби феномені» атты ғылыми-практикалық on-line конференциясы оқытушылар Ж.Изтілеуова, С.Аптауова мен А.Шуленбаевалар қатысып, сертификат иеленді.

2020 жылы Республикалық «Білім өркениеті» ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен «Сен ғылымға болсаң ынтық...» атты ғылыми жобалар байқауына қатысып, жүлделі орындарға бес оқытушы иеленді: Ж.Уртаева - І-ші дәрежелі диплом, Б.Медеубаева - II-ші дәрежелі диплом, Н.Субинов - II-ші дәрежелі диплом, Н.Асанова - II-ші дәрежелі диплом, Ж.Изтелеуова - II-ші дәрежелі диплом.

2020 жылы Республикалық «Білім өркениеті» ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен «Ұлы дала

өркениеті: Тарихы мен тағылымы» атты ғылыми жобалар байқауына қатысқан Г.Жуманалиева, Б.Танатарова, С.Аптауова, М.Жаңбырбай, А.Утепбаева, Н.Бақытханқызы - II-ші дәрежелі дипломдарға ие болды.

2020 жылы сауір айында Нұр-Сұлтан қаласында PLANET Skills Халықаралық ағартушылық жобасының ұйымдастыруымен өткізілген Республикалық «III Жақсылардың ең жақсысы» кәсіби сайысында «Үздік сабақ презентациясы» номинациясы бойынша I-ші дәрежелі дипломмен Ж.Изтілеуова, С.Аптауовалар иеленді.

2020 жылы маусым айында оқытушы С.Аптауова Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясатын» жүзеге асыру аясында және 2020Еріктілер жылына орай өткізілген «Жастары белсенді елдің, ертеңі жарқын» атты аудандық пікірсайыс турниріне студенттерді дайындаған үшін алғыс хатпен марапатталды.

2020 жылы мамыр айында Республикалық «Global» білім беру орталығының ұйымдастыруымен студенттерді олимпиадаға қатысуын қамтамасыз еткені үшін Б.Танатарова алғыс хат алды.

2020маусым айында халықаралық білім беру зияткерлік және шығармашылық «Путь знании» даму орталығының ұйымдастыруымен I халықаралық қашықтық олимпиадасына студенттерді дайындағаны үшін К.Қарабаева алғыс хат алды. Қосымша кестеде толық мәліметі кестеде және салыстырмалы мониторингтік диаграмма түрінде көрсетілген.

Студенттердің облыстық, республикалық және халықаралық семинар-кеңестерге, конференция, байқауларға 12 студент қатысты.

2020 жылдың мамыр айында Нұр-Сұлтан қаласына Республикалық «Білім өркениеті» ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен Халықаралық "ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК СТУДЕНТІ-2020" атты байқауының жеңімпазы Н.Жузбаевтың студенті А.Біртай атанып, Қазақстанның «100 Үздік студенті» қатарында еніп, төс белгі алды.

2020 жылы Алматы қаласында Республикалық «Абай және ұлттық сана» атты пікірсайыс турниріне С.Аптауованың студенті Е.Қаржаубай қатысып Алғыс хатқа 0816-16-96 тобының студенті ие болды

2020 жылы Түркістан қаласында Республикалық«Болашағымыз бірлікте -III» атты пікірсайыс турнирі С.Аптауованың 0816-18-96 тобының студенті Д.Өмірәлі қатысып сертификат ие болды.

2020 жылы Тараз қаласында облыстық «Сана парасаттылығы - адал ұрпақ негізі» атты дебат турниріне жетекші С.Аптауованың студенттері колледждің «Аллергия» фракциясы алғыс хат алды.

2020 жылы Қаратау қаласында жетекші С.Аптауованың 0816-19-96 тобының студенттері

Н.Байконырова, А.Әбілда Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясатын» жүзеге асыру аясында және 2020 Еріктілер жылына орай өткізілген «Жастары белсенді елдің, ертеңі жарқын» атты аудандық пікірсайыс турнирінде қатысып, II дәрежелі дипломмен марапатталды.

2020 жылы Нұр-Сұлтан қаласында Республикалық «Білім өркениеті» ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен «Ұлы дала өркениеті: Тарихы мен тағылымы» атты ғылыми жобалар байқауына жетекші Ж.Уртаеваның 0816-19-96 тобының студенті А.Әбілда I-ші дәрежелі дипломмен марапатталды.

2020 жылы Нұр-Сұлтан қаласында Республикалық «Білім өркениеті» ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен «Ұлы дала өркениеті: Тарихы мен тағылымы» атты ғылыми жобалар байқауына жетекші Ж.Уртаеваның 0816-19-96 тобының студенті Д.Өмірәлі II-ші дәрежелі дипломмен марапатталды.

2020 жылы Нұр-Сұлтан қаласында Республикалық «Білім өркениеті» ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен «Өлең сөздің патшасы...» атты Абай оқулары байқауына жетекші Ж.Уртаеваның 0816-18-96 тобының студенті Ф.Тілеуберді I-ші дәрежелі дипломмен марапатталды.

2019 жылда Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін облыстық орталығы ұйымдастырған әскери - патриоттық клубтар арасында өткен облыстық «Пневматикалық мылтықпен оқ ату» жарысында оқытушы Б.Исатайдың келесі студенттерді жүлделі орындарға ие болды: 1305-18-96 тобының студенттері А.Берденова, С.Мекемтас, 1405-18-96 тобының студенттері Д.Жанабай, Қ.Рахымберді, 1401-18-96 тобының студенттері А.Петряева, В.Плотникова 1, 2,3 орын алды. Сонымен қатар жалпы командалық колледждің «Барыс» әскери –патриоттық командасы II орын алды. (Қосымша 7,8)

2.4.13. Республикалық, облыстық олимпиадаларға білімгерлердің қатысуы

2020 жылы Республикалық «Мұра» білім орталығының ұйымдастыруымен онлайн пәндік олимпиадаға оқытушы М.Жаңбырбай 5 студенті қатыстырып 1 жүлделі орынға ие болды.

Н.Бақытханқызының 5 студенті қатысып, 1 жүлделі орынға ие болды.
Э.Қарнақбаеваның 1 студенті 1 жүлделі орынға ие болды.
А.Қылышбекованың 5 студенті қатысып, 1 жүлделі орынға ие болды.

2020 жылы Халықаралық білім беру зияткерлік және шығармашылық «Путь знани» даму орталығының ұйымдастыруымен I халықаралық қашықтық олимпиадасы К.Қарабаеваның 10 студенті қатысып 1-2 жүлделі орынға ие болды.

2020 жылы Республикалық «Глобус» білім орталығының ұйымдастыруымен онлайн пәндік олимпиада және Республикалық «Мұра» білім орталығының ұйымдастыруымен онлайн пәндік олимпиадаға Б.Танатарованың 20 студенті қатысып, 1 жүлделі орынға ие болды.

2019 жылы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында «Ұлы даланың ұлы есімдері» тақырыбындағы колледжд студенттері арасында облыстық олимпиадаға колледж студенттері III дәрежелі диплом алды. *(Қосымша -16)*

2.4.14. Әдістемелік кеңестің күн тәртібінде қаралған мәселелер

- ✓ *Әдістемелік кеңес 31.08.2019ж.*
- ✓ 2019-2020 оқу жылына арналған колледждің жылдық оқу- тәрбие жұмысы жоспары, әдістемелік кеңестің, әдістемелік кабинеттің, «Педагогикалық шеберлік», «Озат тәжірибе» мектебінің жоспары, «Дарын» қоғамының жұмыс жоспары, оқу үрдісінде модульдік-құзыреттілік негізінде оқу-әдістемелік құжаттары мен оқу бағдарлама жоспары, бөлімдердің, ЦӘК-дің, кітапхананың жоспарларын талдап бекіту
- ✓ 2019-2020 оқу жылында мамандықтар бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің 31.10.2017 жылдың №553 бұйрығы негізінде модульдік жұмысшы оқу жоспарлар дайындау, бекіте

- ✓ 2019-2020 оқу жылына арналған барлық мамандықтар бойынша оқу типтік бағдарламаға сай оқу-бағдарламаларын рәсімдеу және бекіту
- ✓ Тәрбие үрдісінде «Рухани жаңғыру» және «Мәңгілік Ел » бағдарламалары аясында патриоттық бағыттың нәтижелілігі. «Экстремизм және лаңкестік: жас адамдардың санасына әсері».
- ✓ 2019-2020 оқу жылына арналған модульдік, әкімшілік, міндетті бақылаулардың, технологиялық карта, зертханалық - практикалық сабақтардың кестесін бекіту
- ✓ Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын аккредиттеуге арналған өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі құжаттарын дайындау
- ✓ Барлық мамандықтар бойынша БҰАП-мен және қосымша пәндерді анықтау, ұсыныс беру, талқылау және бекіту
- ✓ Жас оқытушыларға тәлімгерлер бекіту
- ✓ 2019-2020 оқу жылына арналған модульдік, әкімшілік, міндетті бақылаулардың, технологиялық карта кестесін бекіту
- ✓ 2019-2020 оқу жылына арналған зертханалық - практикалық сабақтардың кестесін бекіту
- ✓ Жаңа оқу жылына «Жаңа бағдарлама негізінде» оқытушылардың біліктілігін көтеру жоспарын бекіту
- ✓ Әр түрлі мәселелер (ұсыныс, сұраныстарды талқылау)

II. Әдістемелік кеңес 22.10.2019ж.

- ✓ «Педагогикалық шеберлік», «Озат тәжірибе» мектебінің жұмысы. Жас мамандармен әдістемелік кабинеттің, тәлімгерлердің жүргізіп жатқан жұмыс барысы, көмек көрсетілу деңгейі, шығармашылық топтардың жүргізіп жатқан жұмыс барысы.
- ✓ Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын аясында оқып жатқан мамандықтар бойынша 1 жұмысшы біліктілікке аралық мен қорытынды емтихан тапсырмаларын дайындау, ұйымдастыру
- ✓ Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын аккредиттеуге арналған өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі құжаттарын дайындау
- ✓ Аттестаттаудан өтетін педагогтар мен өндірістік оқыту шеберлерінің тәжірибеден өту құжаттарын рәсімдеу, кәсіби жетістіктері туралы

портфолио дайындау барысы

- ✓ Ағымдық және мемлекеттік емтихан материалдарының дайындалу сапасы
- ✓ Курстық және дипломдық жұмыс тақырыптарын бекіту
- ✓ Модульдік құзыреттілікті оқыту негізінде әдістемелік іс-құжаттар, әдістемелік нұсқаулар дайындау барысын мен оқу әдістемелік кешендерінің дайындалуы мен талқылау
- ✓ Оқу-әдістемелік материалдардың электрондық түрде деректер банкін толықтыру. Оқытушылардың педагогикалық тәжірибесін сайтқа жария ету
- ✓ 1-ші әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы

III. Әдістемелік кеңес 24.12.2019ж.

- ✓ Қашықтан оқыту технологиясы негізінде оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендің құжаттарымен қамтылуы, іс-қағаздарының жүргізілу деңгейі
- ✓ Ағымдық және мемлекеттік емтихан материалдарының дайындалу сапасы
- ✓ Колледж оқытушыларының онлайн режимде байқауларға қатысу. ЦӘК-тердегі оқытушылардың шығармашылық жұмыстарын педагогикалық басылымдарға жариялау барысын талдау
- ✓ " Жалпы тілдер және дене шынықтыру, АӘД білім беру пәндері " ЦӘК-н тәжірибесін жинақтау, (модульдік негізінде оқытылатын мамандықтардың құжаттарының жүргізілуі) қорытындылау және әдістемелік кеңеске шығару, тәжірибесін тарату
- ✓ Оқу топтарында топ жетекшілерінің тәрбие сағатын өткізу барысы, тәрбие сағаттарының әдістемелік әзірлемелерінің сапасы
- ✓ «Талапкер – 2020» креативті тобына қатысу
- ✓ 2-ші әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы

IV Әдістемелік кеңес 21.02.2020ж.

- ✓ Арнайы пәндер бойынша зертханалық-тәжірибелік сабақтарды орындау барысы, әдістемелік жағынан қамтылуы

- ✓ "Арнайы газ жүйелері мен ішкі санитарлық құрылғылары және химиялық технологиялары білім беру пәндері" ЦӘК-ң тәжірибесін жинақтау, қорытындылау және әдістемелік кеңеске шығару, тәжірибесін тарату
- ✓ Практикалық-зертханалық сабақтардың оқу-әдістемелік кешендермен қамтылуы, жүргізілу барысы.
- ✓ Арнайы пәндердің курстық, дипломдық жұмыстардың орындалу деңгейі
- ✓ Оқытушылар мен білімгерлердің ғылыми-шығармашылық конференциясының өткізілу деңгейі, қорытынсы мен жетістіктері
- ✓ 3-ші әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы

V Әдістемелік кеңес 21.04.2020ж.

- ✓ Топ жетекшілердің портфолиосын жүргізу тәртібі, ондағы құжаттарды талапқа сай орындалуы, бақылануы
- ✓ Мемлекеттік емтихан билеттерінің типтік бағдарламаға сай дайындалуы
- ✓ Бітіруші курс білімгерлерінің арнайы оқу пәндері кәсіби білімінің сапасын тәуелсіз бағалау, кешендік тест емтихандарының оқу-әдістемелік құжаттармен қамтылуы, білімгерлердің дайындық барысы.
- ✓ Инновациялық әдістерді енгізудің тиімді жақтарының мониторингін жасау. Үздіксіз жан-жақты кәсіптік білім беру талабын ескере отырып, білім беру үрдісінің мониторингін жасау (Инновациялық технологиялар, қосымша сертификаттар, т.б.)
- ✓ Оқытушылардың озық тәжірибесін қарастырып, колледж жұмысына енгізу барысы.
- ✓ 4-ші әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы
- ✓ Жазғы сынақ-емтихан сессиясының тапсыру форматын анықтау (тест, ауызша, электронды тестілеу)

VI Әдістемелік кеңес 20.06.2020ж.

- ✓ 2019-2020 оқу жылындағы әдістемелік кеңес және әдістемелік кабинет жұмысын қорытындылау.
- ✓ 2.Оқытушылардың әдістемелік жұмыстарының мониторингісінің

- жүргізілу барысы. Оқытушылардың кәсіби деңгейін жоғарлату мониторингі (басылымдар, конференциялар, біліктілігін көтеру т.б.).
- ✓ 3. Білімгерлердің, оқытушылардың және ЦӘК-тердің ғылыми-зерттеу қызметінің мониторингі (тақырыптары, баспа сөз, конференция, олимпиада, байқаулар т.б.)
 - ✓ 4. Колледж оқытушылардың кәсіби деңгейінің жоғарлауына мониторинг қорытындысын жасау және ұсыныс беру
 - ✓ 5. 2020-2021 оқу жылына ұсынылатын ұсыныстар
 - ✓ 6.5-ші әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы

3. АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖӘНЕ САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

3.1. Ақпараттық - коммуникативтік технологиялары.

Оқу жылының басында ҚР «Білім туралы» Заңы, 5-бабына сәйкес колледждің қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері жасалып бекітілді.

Электрондық оқу-әдістемелік кешендерінің дайындық деңгейіне талдау жүргізіліп, тізім бойынша барлық педагогикалық жүктемесі (қосымша 1) бар ЦӘК оқытушыларына оқу-әдістемелік кешендерін толықтыруға мерзім белгіленіп, талаптар қойылды.

Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық және қашықтықтан оқыту технологияларын іске асыру үшін ақпараттық орталықтың материалдық-техникалық жағдайына сараптама жасалынды, талдау жүргізілді. CD, DVD дискілеріне арналған оқу контентіне және желілік оқу мультимедиа контентіне талдау жүргізілді.

Оқытушы, оқу - көмекші құрам және техникалық персоналдың тиісті дайындықтан өтуіне сараптама жүргізіліп, сол дайындықты жоғарылату мақсатында колледждің әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен семинар-тренингтер өткізілді. Семинар-тренингтердің тақырыптары: «Электронды оқулықтар дайындау әдістемесі», «Арнайы пәндерден силабус құрастыру әдістемесі», «Тест тапсырмаларын құрастыру», zhambyltypo.kz сайтын дұрыс пайдалану, баға қою, электрондық оқулықтарды енгізу бойынша және т.б.

Оқу жылының басында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес барлық мамандықтар бойынша қашықтықтан білім беру оқу жоспарлары жасалынып, бекітілді. Қашықтықтан білім беру технологиясының дидактикалық құралдарын әзірлеу жұмыстарына жоспар-тізбе дайындалып, бекітілді. Жоспардағы көрсетілген мерзімдері бойынша бақылау жүргізіліп, тиісті шаралар қабылданды.

Оқу үрдісінің кестесіне сәйкес қашықтықтан оқитын академиялық топтарға оқу бөлімінің мамандарының күшімен сабақ кестелері кеңес беру (консультация) графиктері жасалынып бекітілді.

Қашықтықтан оқыту бөлімі бойынша бекітілген педагогикалық жүктемесіне сәйкес оқытушылардың оқу-әдістемелік кешендерінің электронды нұсқалары талапқа сай дайындалып, әдістемелік орталыққа өткізілуі, оқу процесінің графигіне және оқу жоспарына сәйкес бақылауда болды. Сыртқы бөлім бойынша оқу-әдістемелік кешендері электрондық нұсқасы жиналып, электрондық база жасалынды.

Коледжде қашықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушылардың оқу-әдістемелік кешенінің электрондық нұсқасы жинақталып электрондық база құрылған.

Білімгерлерге қажетті материалдарын алу үшін www.karatau-tk.kz сайтта жарияланған және жүктеп алуға мүмкіндіктері бар.

Оқу орнындағы компьютерлер және оргтехникалар туралы жалпы мәлімет


№	Атауы	Саны	Қазіргі кездегі жағдайы
1	Дербес компьютерлер саны, оның ішінде	107	26 компьютер жөндеуді қажет етеді
1.1	<i>Интернетке шығу мүмкіндігі бар</i>	54	
2	Ноутбук	19	
3	Моноблок	3	
4	Планшет	20	
5	MultiPAD	10	
6	Проектор	16	
7	Интерактивті тақта	12	
8	Экран	6	
9	Принтер	9	
10	Принтер (3в1)	15	
11	Плотер	2	
12	Лингофон	24	
13	Лабораториялық стенд (417 ауд)	10	

Қазіргі таңда колледж бойынша 107 компьютер бар, оның ішінде: 4 компьютер ескірген – ауыстыруды, 22 компьютер жөндеуді қажет етеді.

Ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде оқытушылар жиі қолдананады. Соның ішінде цифрлық оқу ресурстарын, электрондық тестілеу жүйесін, презентациялар, видео роликтерді, аудио жазбаларды, электрондық оқулықтарды білімгерлердің қызығушылығы мен сабаққа деген ынтасын арттыруда тиімді пайдаланылады.

Оқу орнының және zhambyltipo.kz сайтының жұмысы

zhambyltipo.kz сайтының электрондық журналы 2019-2020 оқу жылында тұрақты жұмыс істеп тұр. Колледж оқытушыларының тізімі, білімгерлердің толық тізімі, оқытылатын пәндер мен іс-тәжірибелер толық енгізілген. Барлық оқытушылар сабақ барысында білімгерлер алған бағалары, қорытынды бағалары, іс-тәжірибеден алған бағалары қойылып отырады. Сайтта жеке пәндер бойынша электрондық оқулықтар тізімі енгізілген және оқулықты жүктеп алу мүмкіндігі бар.



Сайтта күнделікті оқытушылардың электрондық журналды пайдалану белсендігін көріп отыруға болады және баға қою бойынша айына 1 рет мониторинг жүргізіліп отырылады



Жаңа оқу жылына білімгерлерді қабылдау электронды түрде жүргізіледі. zhambyltypo.kz сайтының өтінішітерді электронды түрде қабылдау модулінде көрсетілген.

Білімгерлердің білімін бағалау жұмыстарында ақпараттық технологияларды қолдану және жетілдіру

Коледж білімгерлерінің білімін бағалауда қазіргі таңда ақпараттық технологиялар кеңінен пайдаануға мүмкіндік бар. zhambyltypo.kz сайтында электрондық тестілеу жүйесі қарастырылған. Осы жүйе арқылы білімгерлерден тест түрінде білімін тексеруге және оның нәтижесін көруге болады.



Ағымдағы жылы қыркүйек айыны 24-26 күндері жалпы колледждің 1 курстар арасында 2 пәннен білімдеріне мониторинг жүргізілді. Жалпы білім сапасы – 86,6% құрады. Желтоқсан айының 10-12 күні 2-курс бойынша 3 бейіндік пәндерінен тест алынды, нәтижесі 83,3% құрады.

Сабақ барысында білімгерлердің білімін бағалауда бірнеше оқытушылар Kahoot, Quizlet бағдарламалары мен Multiurok.ru, LearningApps.org, Prezi.com сайтын және т.б. бағдарламаларды кеңінен қолданады.

3.2. Қашықтықтан оқыту технологиясы

Convid-19 вирусының таралуына байланысты ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың 2020 жылдың 15 наурыздағы №285 Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы Жарлығы мен ҚР БЖҒМ 2020 жылғы 14 наурыздағы №108, 1 сәуірдегі №123 бұйрықтарына және Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша нұсқаулыққа сәйкес колледж студенттері қашықтықтан оқыту технологиясы

бойынша оқу үрдісіне көшіріді.

Ағымдығы жылдың 16-шы наурыздан бастап оқу үрдісі zhambyltipo.kz порталы арқылы қашықтықтан оқыту технологиясына көшірілді. Zhambyltipo.kz порталы келесі қызметтерді көрсетеді.

- ✓ Электрондықжурнал модулі;
- ✓ Электрондық сабақ кестесі модулі;
- ✓ Тестілеу модулі
- ✓ Барлық қажетті құралдармен (трансляция, сынып жұмысы, үй жұмысы, чат, сабаққа қатысу) қамтамасыз етіген оқытушыларға арналған қашықтан оқыту модулі
- ✓ Мониторинг модулі;
- ✓ Электрондық кітапхана және т.б.

Zhambyltipo.kz порталына оқытушылар күнделікті сабақ кестесіне сәйкес сынып жұмысын, үй тапсырмаларын жүктеп және онлайн трансляция арқылы сабақ өткізіп отырды. Оқытушылардың сабақ өтуі мен студенттердің сабаққа қатысуы мен кері байланыс жасауына күнделікті мониторинг жасалып отырды.

3.3. Электронды оқулықтар

Электрондық оқулық дайындау бойынша 2019-2020 оқу жылында арнайы пән оқытушылары оқу-әдістемелік кешенінің электрондық нұсқасын диск тасымалдағышпен коледж кітапханасына өткізді.

№	Оқу-әдістемелік кешенін электрондық нұсқасы	Саны
1	Арнайы мұнай-газ және білім беру. Әд.нұсқау	1
2	Газбен жабдықтау жүйесі мен жабдықтарды монтаждау және пайдалану. Әд.нұсқау	1
3	Химия пәнінен лекциялар жинағы, әдістемелік нұсқаулар	1
4	Профессиональный русский язык. Уч.пособие	1
5	Методические указания по русскому языку и литературе. Уч.пособие	1
6	Дене тәрбиесі пәніне арналған әдістемелік нұсқаулар	1
7	Алгоритмдеу және бағдарламалау негіздері	1
8	Әрлеу құрылыс жұмыстарының технологиясы	1
9	Сәулеттік материалтану	1
10	Құрылыстағы еңбек қорғау	1
11	Құрылыстағы еңбекті қорғау	1

12	Материалтану (құрғақ құрылыс)	1
13	Әрлеу құрылыс жұмыстарының жалпы технологиясы	1
14	Құрылыс объектілерін салу, пайдалану және қайта құру кезінде технологиялық процестерді ұйымдастыру	1
15	Әрлендіру жұмыстары	1
16	Сылақ жұмыстарының технологиясы	1
17	Ғимараттар мен имараттардың құрылымы	1
18	Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар құрылысы бойынша оқу құралы	1
19	Үйлер мен ғимараттарды техникалық пайдалану	1
20	Құрылыс материалдары мен бұйымдар	1
21	ББҰАП	1
22	Құрылыс машинасы мен шағын механикаландырылған құрал-жабдықтар	1
23	Құрылыс құрылымдарын есептеу негіздері	1
24	Жобаларды басқару	1
25	Металдар мен пласмассаны дәнекерлеу және кесу	1
26	Строительство городских систем газоснабжения	1
27	Техника безопасности и организация работ в городском газовом хозяйстве	1
28	Газбен жабдықтау	1
29	Газбен қамтамасыз ету жүйесінің автоматикасы мен телемеханикасы	1
30	Автоматика и телемеханика систем газоснабжения	1
31	Жылутехника негіздері. Жылутехникалық бақылау мен қазандықтардың автоматикасы	1
32	Бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдары	1
33	Бақылау-өлшеу құралдары	1
34	Газдалған қазан агрегаттары	1
35	Котельные установки и тепловые сети	1
36	Жылу өндіргіш қондырғылар	1
37	Слесарлық және механикалық іс-тәжірбиесі	1
38	Слесарлық және механикалық іс-тәжірбиесінің оқу элементі	1
39	Слесарлық және механикалық іс-тәжірбиесінің шеберханадағы қауіпсіздік техникасы және жұмыс орнын ұйымдастыру	1
40	Өлшеу	1
41	Металдарды шабу	1
42	Металдарды егелеу	1
43	Металдарды бұрғылау	1
44	Металдарды қырнау	1
45	Дәнекерлеу, қалайылау және желімдеу	1
46	Черчение	1

47	Проекционное черчение	1
48	Машиностроительное черчение	1
49	Строительное черчение	1
50	Газ жабдықтары мен табиғи, жасанды газдар	1
51	Газ желілері мен қондырғылар	1
52	Жер асты қондырғыларын электрлік химиялық қорғау	1

3.4. Сапа менеджменті жүйесі

СТ РК ISO 9001:2016 талаптарына сай нақтылы менеджмент жүйесін әзірлеуді, талдауді және енгізуді жүргізу барысында, колледждің алғашқы дайындық этапта құралған жұмысшы тобы, есеп беру мерзімінде келесі жұмыстарды атқарды:

- Сапа менеджмент жүйесіне қатысты процесстерді идентификациялау;
- Сапа менеджмент жүйесінің процесстерін ізділеу және қарым қатынасын анықтау;
- Менеджмент жүйесінің СТ РК ISO 9001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сай енгізу үшін керекті ресурстарын анықтау;
- СМЖ құжаттарының құрылымы және құрамы, жауапкершілікті бөлу және құжаттардың жоспарың өңдеу туралы жазбаша ұсыныстар беру;
- СТ РК ISO 9001:2016 талаптарына сай нақтылы менеджмент жүйесінің құжаттарын талдау;
- СТ РК ISO 9001:2016 талаптарына сай менеджмент жүйесі бойынша жоғарғы басшыларға оқулық курстарың өткізу.

Жоғарыда аталған мақсаттарға жету үшін :

- Нақтылы менеджмент жүйесінің СТ РК ISO 9001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сай талдау және бағалау
- СТ РК ISO 9001:2016 талаптарына сай нақтылы менеджмент жүйесінің сәйкестіктерің анықтау, жетіспейтің элементтерің одан ары ұйымның жұмысына енгізу үшін сипаттау және идентификациялау;
- Колледждің қызметін СТ РК ISO 9001:2016 талаптарына сай келтіру ;
- Колледждің қызметіне СМЖ принциптарың енгізу;
- Колледж қызметкерлеріңе СМЖ басқару тәжірибесімен теориясын оқыту;
- СМЖ қызметін құру ;

- Колледждің менеджмент жүйесін ISO 9001:2016 талаптарына сәйкестік сертификатын сыртқы дербес инспекциялық тексеруден өткізу.

Бірнеше жыл кезеңнің қорытындысы бойынша нақтылы менеджмент жүйесінің ISO 9001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сай бағалау келесі қорытынды шығаруға болады.

Колледжде ИСО 9001:2008 халықаралық стандартының талаптарына сай енгізілген СМЖ жұмыстарының саясаты мен мақсаттарының орындалу қарқыны орташа.

СМЖ процесстерін идентификациялау.

Колледждің ұйымдастыру құрамы және ISO 9001:2016 стандартының сапа менеджмент жүйесінің моделдері бойынша сапа менеджменті жүйесіне қажетті процесстер идентификацияланған:

р\р №	Атауы	СМЖ құжаттарының коды
1.	Сапа жөніндегі Жетекшілік	КҚТК СЖ 001-18
2.	Ішкі нормативтік құжаттаманы басқару	КҚТК ПРО 401-18
3.	Сыртқы құжаттарды басқару	КҚТК ПРО 402-18
4.	Жазбаларды басқару	КҚТК ПРО 403-18
5.	Мұрағатты басқару	КҚТК ПРО 404-18
6.	Жақсартуларды жоспарлау	КҚТК ПРО 501-18
7.	Жауапкершіліктер мен өкілеттіктерді бөлу	КҚТК ПРО 502-18
8.	Ақпарат алмасу	КҚТК ПРО 503-18
9.	Басшылық тарапынан талдау	КҚТК ПРО 504-18
10.	Персоналды басқару	КҚТК ПРО 601-18
11.	Техникалық құралдарды басқару	КҚТК ПРО 602-18
12.	Шарттарды талдау	КҚТК ПРО 701-18
13.	Мемлекеттік сатып алулар	КҚТК ПРО 702-18
14.	Оқу процесі	КҚТК ПРО 703-18
15.	Әдістемелік жұмыстар	КҚТК ПРО 704-18
16.	Тәрбие үрдісін басқару	КҚТК ПРО 705-18
17.	Тұтынушылардың қанағаттанушылығы	КҚТК ПРО 801-18
18.	Ішкі аудитті басқару	КҚТК ПРО 802-18
19.	Сәйкес емес қызметтерді басқару	КҚТК ПРО 803-18
20.	Түзету және ескерту әрекеттері	КҚТК ПРО 804-18

СМЖ құжаттарының құрылымы және құрамы бойынша орындалған жұмыстар.

- ✓ СМЖ құжаттарының жоспар-графигтері дайындалып, келісіліп бекітілді, жобамен барлық орындаушылар таныстырылды;
- ✓ Жұмысты тездету үшін кенесшілерден көмек алу кестелері жасалынды;

- ✓ Әзірленген құжаттар ынталы тұлғалармен келісілу жасалынды;
- ✓ Оқу жылының басында 5 жауапты қызметкерлерді «Инновациялық сапа орталығы» ЖШС «ҚР СТ ИСО 9001-2009 талаптарына сәйкес ұйымның сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудиторын дайындау» бағдарламасы бойынша теориялық дайындықтан өткізіп, олар емтихан тапсыру нәтижесінде «Сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудиторы» ретінде аттестатталды. (қосымша 1)

Орындалған жұмыстар нәтижесі бойынша талдау жасалды, сонын негізінде құжаттардың көлеміне ұсыныстар берілді.

4. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫ

2019-2020 оқу жылында Қаратау құрылыс-техникалық колледжі төмендегі бағыттарда жұмыс атқарды:

- Оқырмандарға сапалы қызмет көрсету;
- Кітапханаға жазылған білімгерлер мен оқытушыларға оқырман формулярын ашу;
- Оқырмандар сұранысымен жұмыс жүргізу;
- Оқырмандарға арналған әртүрлі іс - шаралар өткізу;

Оқырмандарға қызмет көрсету

Оқырман саны - 80

Келушілер саны – 390

Кітап беру саны –1297

Мерзімді басылымдар беру саны – 68

4.1.Оқырмандар құрамы

№	Білім ордасының құрамы	Құрамы	2019-2020 оқу жылғы жоспары	Орындалуы	%
1	Күндізгі бөлім білімгерлері.	378	257	80	32
2	Сырттай бөлім білімгерлері.	98	-	-	-
3	Оқытушылар	44	40	34	77
4	Колледж қызметкерлері.	31	30	14	19
5	Тағы басқалар (ш.б.)	30	25	8	12
6	Барлығы.	581	352	136	140

Жоспар бойынша

Оқырмандардың келу саны –3215

Орындалғаны – 2859

Кітап беру пункті	2018-2019 оқу жылғы жоспары	Орындалғаны	%
ҚҚТК кітапханасы	3215	2859	90

2019-2020 оқу жылына жоспар бойынша кітап беру саны - 1653

Орындалғаны - 1297

Кітап беру пункті	2019-2020 оқу жылғы жоспары	Орындалғаны.	%
ҚҚТК кітапханасы	1753	1297	80

4.2. Мерзімді басылымдармен жұмыс

Колледж әкімшілігі әр жартыжылдық сайын оқытушылар мен білімгерлерге қажетті мерзімді басылымдарға жазылып отырады, жазылу көрсеткіші төменде көрсетілген:

2020 жылдың 1 - жартыжылдығы.

Мерзімді басылым	Барлығы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде
Журналдар	15	13	2
Газеттер	20	16	4
Барлығы	35	29	6

2020 жылдың 2 - жартыжылдығы

Мерзімді басылым	Барлығы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде
Журналдар	12	10	2
Газеттер	18	14	4
Барлығы	30	24	6

Қаратау құрылыс-техникалық колледж кітапханасының жалпы қоры 38503 дананы құрайды.

Қосымша қорды анықтамалықтар мен сөздіктер, әдістемелік оқулықтар мен нұсқаулар және мерзімді басылымдар құрайды. Анықтамалықтар мен сөздіктер саны – 388 дана, әдістемелік оқулықтар мен нұсқаулардың жалпы саны – 2364 дана, общ.проф. – 1456дана, электрондық оқулықтар – 351, әдеби кітаптар – 3191, жалпы білім беретін оқулықтар – 3690, арнайы пәндер – 22882 (ішінде энцикл. мен сөздіктер-207), Плакаттар ПИР– 249, өзін-өзі тану– 618, басқа қосымша – 3314.

2019-2020 оқу жылында колледж кітапханасына келіп түскен кітаптар саны 231 дана (төмендегі таблица бойынша көрсетілген):

№	Оқу жылы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Шет тілінде	Электронды оқулық	Барлығы
1	2019-2020 оқу жылы	165	7	-	59	231

Колледж кітапханасы –кітап қоры және кітаппен қамтамасыз етумен ғана шектелмейді сонымен қатар оқытушылармен тығыз байланыста болып, әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырып отырады.

Кітапханада 2019-2020 оқу жылына жасалған жоспарға сәйкес және жоспардан тыс іс-шаралар өткізілді. Мысалы: даталы күндерге, ақын – жазушылардың мерейтойларына, жаңадан келіп түскен әдебиеттерді насихаттау мақсатында кітап көрмелері, пікір сайыс, кітапхана сабақтары, дөңгелек үстелдер, оқырман конференциясы, әдеби – сазды кештер мен көрмелер ұйымдастырылды..

Өткізілген іс-шаралардың тақырыбы және мерзімі туралы ақпарат тіркелген (*қосымша -19*).

5. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ.

2019 – 2020 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарыҚР Конститу-циясы,«Қазақстан Республикасындағы балалар құқықтары», Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» кодексі, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы»2004 жылғы 9 шілдедегі № 591-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы,«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410- V ҚР заңы,«Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының заңы, Қазақстан Республикасының Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы Заңы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарын», Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа алынып,Жамбыл облысы әкімдігінің білім

басқармасының нұсқау - хаттары мен ережелерінің негізінде төмендегі бағыттары бойынша жүзеге асырылды:

- Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
- Рухани-адамгершілік тәрбие
- Ұлттық тәрбие
- Отбасы тәрбиесі
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Колледжмиссиясы: Құрылыс-техникалық саласында кәсіби білім беру бағытында жоғары білімді бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау.

Тәрбие жұмысының мақсаты: қазақ патриотизмі, азаматтығы, адамгершілік және жалпыазаматтық құндылықтар идеясы негізінде студенттердің жеке қасиеттерін, тәрбиесін қалыптастыру, жалпы даму жолымен колледждің бәсекеге қабілеттігін арттыру.

Міндеттері:

- ✓ Тәрбиені денсаулық сақтау технологиясымен қамтамасыз ету және салауатты өмір салтын бекіту, студенттерді өз қылығына, отбасылық өмірге жауапкершілікпен қарауды дайындығын қамтамасыз ету, өнер, қоршаған орта, қоғамдық – пайдалы іс әрекеттер арқылы жалпы адамдық қасиеттерді дамыту;
- ✓ Колледж студенттерінің өзін - өзі басқару органдары (жастар комитеті және студенттер кеңесі) іс - әрекетінде шынайы мүмкіндік жолымен Республикамыздың қоғамдық – саяси өміріне қатысу қажеттігін қалыптастыру.
- ✓ Саяси мәдениет пен отансүйгіштікке, ұлттық азаматтық көзқарасқа тәрбиелеу;
- ✓ Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы тәрбиесінің бір бөлігі болып табылатын адамгершілік-жыныстық тәрбиені жетілдіру;
- ✓ Студенттердің танымдық-шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- ✓ Студенттердың тұлға дамуының негізі болатын ой - сана және денсаулығын қалыптастыру;
- ✓ Отанға деген сүйіспеншілік, оның тағдырына жауапкершілік, өз елінің тарихы мен мәдениетін және әлемдік қауымдастық мәселесін ұғынуға талпынысын тәрбиелеу;
- ✓ Нарықтық қатынас жүйесінде студенттерге бағыт – бағдар беру және өз бетімен өзіндік іс - әрекет ету қасиетін дамыту
- ✓ Кәсіби іс - әрекетке дайындығын, осы орайда өзінің келешегін жоспарлау қабілетін қалыптастыру;
- ✓ Тәрбие үрдісінде мониторингтік зеттеу қорытындысын қолдану

- ✓ Жоғары кәсіби мәдениетті қалыптастыру, іс- шараларды дұрыс ұйымдасдастыру мен жоспарлауға тәрбиелеу;
- ✓ Тәрбие жұмысы бағыттарын негіз ретінде ала отырып клубтар, секциялар,
- ✓ кеңестер т.б жолдар арқылы жүзеге асыру;
- ✓ Ата – аналармен жұмысты жандандыру, ата –аналар комитеті мен
- ✓ қамқоршылық кеңес жұмыстарын ұйымдастыру.

2019-2020 оқу жылында тәрбие субъектілерінен 26 топ жетекшісі, педагог-психолог, жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы, колледжге бекітілген учаскелік полиция инспекторы, кітапханашы және түрлі үйірме жетекшілері жұмыс атқарды.

Оқу жылында барлық топ білім алушылары мен тәрбиеленушілері өздерінің жас ерекшеліктеріне сәйкес жоспарланған тәрбиелік шараларына белсенділікпен, қызығушылықпен қатысты. Колледжде тәрбие жұмысын ұйымдастыру Қазақстандық элитаға кіруге мүмкіндігі мол, сонымен қатар нақты кәсіби салада бәсекеге қабілетті әлеуетті тұлғаларды қалыптастыруға бағытталған.

Алға қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін ұйымдастыру сәйкесінше нормативтік-құқықтық базасы жасақталған. Жалпы колледжішілік тәрбие жұмыс жоспарындағы іс шараларды негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының, халықаралық, әлемдік бекітілген мерекелік және атаулы күндерді, сонымен қатар колледждің дәстүрлі іс-шараларын, қала, аудан, облыс, республика, әлемнің әлеуметтік және саяси жаңалықтар мен фактілерді ескере отырып, тәрбие жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Оның мазмұны, ұйымдастыру формалары мен әдістері үнемі толықтырылып, жоспар бойынша тәрбие жұмысы төмендегідей бағыттарға негізделіп, іске асырылады. Атап айтсақ:

- Колледждегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру ережесі және жұмыс жоспары
- Топ жетекшілер кеңесінің ережесі және жұмыс жоспары;
- Жатақхана студенттері жөніндегі ережелер және іс-шаралар жоспары;
- Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары;
- Үйірме жұмыстары бойынша жұмыс жоспары.

5.1.ЖИТС-ке, нашақорлыққа , наркобизнеске қарсы бағдарламалардың орындалуы бойынша атқарылған жұмыстар

Жоспарды орындау мақсатында оқу жылы бойында 7 іс-шара өткізілді.

Бұл іс-шараларға мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың 10 қызметкері қатысты. *(Қосымша -23)*

Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстардың алдын алу бойынша тақырыптық ата-аналарға арналған бұрыш көрнекі орынға ілінді. Сонымен қатар, 2019 жылдың 19 қарашасында кәмелетке толмағандардың арасындағы ерте некенің алдын алу мақсатында, ата-аналар жиналысы өткізіліп ұлттық дәстүр мен ҚР қылмыстық кодексінің сәйкесінше нормаларына түсініктеме беріліп, әлеуметтік және құқықтық салдары түсіндірілді, іс-шара 45 ата-ана қатысты.

Оқу жылындағы іс-шаралар 26 маусым –дүние жүзілік есірткіге қарсы күрес күні аясында жастар орталығының мұрындық болуымен «Есірткі – қатерлі жау» атты тақырыпта дөңгелек үстелмен тұйықталды. Бұл іс-шараға Жамбыл обл ПД Талас және Сарысу ауданаралық есірткі бизнесіне қарсы күрес бөлім бастығы полиция майоры Ж.Дауренбеков , ТАОЕ Жастар денсаулық сақтау орталығының психологы Л.Қожатева, Талас жастар ресурстық орталығының заңгер кеңесшісі С.Пірменов қатысты, дөңгелек үстел 50 білімгерді қамтыды.

5.2. Діни экстремизм мен терроризмге қарсы қабылданған іс-шаралардың орындалуы

2019-2020 оқу жылына арналған жоспарды орындау жөнінде 7 іс-шара өткізілді. Оған мемлекеттік органдар мен ұйымдардың 10 қызметкері және үкіметтік емес ұйымның 3 өкілі қатысты. Аталған іс-шаралар «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының заңы аясында жүзеге асырылды. Бұл бағыттағы ағымдағы оқу жылындағы ерекшелік іс-шаралар Жамбыл облысы әкімдігі «Дін проблемаларын зерттеу» орталығы қызметкерлерінің белсенді ат салысуымен жүзеге асырылды, толық мәліметтер тіркелген *(қосымша 24)*.

Деструктивтік діни ағымға тартылған білімгерлер жоқ. Әділет басқармасына тіркелгенімен, дәстүрлі емес діни ағым болып табылатын «Игова куәгерлер» бағытында оқу жылының басында екі білімгер болған: Абдуман Нариман Бостанұлы (21.02.1998ж. туылған), IV-ші курс білімгері және Ахметкалиев Жандос Нұржанұлы (09.08.2003 ж.) I-ші курс білімгері. Ата-аналарының (отбасының өзге мүшелерінің де) сол дін мүшелерінің

болуы, мектеп қабырғасынан аталған бағытты ұстануына ықпал еткен. Топ жетекшілері тарапынан студенттердің тұрмыстық-әлеуметтік жағдайын зерделеу жұмыстары жүргізілді, жағдайы орташа. Екеуінің де мінезі салмақты, сабақтан қалмайды, оқу үлгерімі жақсы. Оқу жылының соңында бірінші аталған білімгер оқуын тәмамдап, колледж білімгерлері қатарынан шықты. Нәтижесінде дәстүрлі емес діни ағымды ұстанатын бір ғана білімгер қалды.

2019-2020 оқу жылында 81 білімгер (оқу курсы 3,6 жылмен-34, толық 4 жылмен -47) колледжді тамамдады. Аталған тұлғалар ішінде діни оқу орнында білімін жалғастыруға ниетті жастар болған жоқ.

Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимлы бұрышы жасалынып, көрнекі орынға ілінді. *(Қосымша -24)*

5.3. Жүргізілген рейдтер және ақпарат

Колледж директорының бұйрығына сәйкес, кәмелеттік жасқа толмағандардың түнгі уақытта (22⁰⁰ - 24⁰⁰ аралығында) заңды өкілдерінсіз тұрғын –жайдан тыс жерлерде жүруін ескерту және профилактикалық жұмыстар жүргізу мақсатында 67 рейд шаралары (соның ішінде 37сі оқу жылының ІІ-ші жартысында) жүргізілді. Іс-шара барысында пәтерде тұратын білімгерлер (барлығы 5) мен толық емес отбасыда тәрбиеленуші кәмелетке толмағандар мекен-жайы бойынша бақылау жұмыстары жүргізілді.

2019-2020 оқу жылының І-ші жартысынан кейінгі каникул кезеңінде бөлім меңгерушілері мен топ жетекшілерінің күшімен колледждің ішкі тіркеуіндегі білімгерлердің мекен-жайы бойынша тұрмыстық –әлеуметтік жағдайлары зерделеніп, ата-аналарына түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Талас АПБ ЮПТ профилактикалық есебінде (кесте 2 бағана 5) 1 білімгер тіркелген ,І-курс білімгері Әмзе Асқар Ермекұлы (05.07.2003ж), мектеп қабырғасында жасаған қылмысы (ҚР ҚК 188б.1т. , ұрлық) үшін. Балалар және жасөспірімдер спорт мектебіне бокс секциясына қатысады. Сонымен қатар, колледждегі өтетін іс-шаралардың белсенді қатысушысы. Колледж тарапынан профилкатикалық жұмыстар тұрақты жүргізілуде.

Аудандық полиция бөлімінде екі білімгер Талас ауданы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау комиссиясының 14.11.2019ж. №22 қаулысымен жайсыз отбасы деп

танылды, колледж әкімшілігінің ұсынысы негізінде. Аталған студенттермен жұмыс қосымша _ берілді. 201-2019 оқу жылы жайсыз отбасы болған жоқ. 2017-2018 оқу жылында жайсыз отбасы ретінде кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияның 2018 жылғы 24 мамырдағы №11 хаттамасымен бір білімгер алты ай ескерту мерзімімен тіркелінген. Мінез-құлқының өзгеруіне, әрі ескерту мерзімінің аяқталуына байланысты шығарылды.

Колледждің ішкі тіркеуінде 30 білімгер, оқу жылының басында 45 болған. 2019-2020 оқу жылымен салыстырғанда жиырма үш білімгерге артқан. Білім беру ұйымын бітіруіне байланысты 10 білімгер тіркеуден шығарылды. Ішкі профилактикалық тіркеуге алу құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің қаулысы негізінде шығарылған колледж директорының бұйрығы бойынша жүзеге асырылды. Бұйрықпен ата-аналар таныстырылды. Колледж ішілік тіркеудегі білімгерлер және одан шыққан білімгерлер туралы мәліметтер (тіркеу негізі, мекен-жайы, ата-аналары туралы мәліметтер және т.б.) қосымшада берілді.

2020 жылдың 25 маусымында 09021996 тобының студенті Салимтай Әлішер Әбдіқадырұлы (19.09.2003 жыл), каникул кезеңінде, өзіне-өзі қол жұмсап қайтыс болды. Орын алған оқиға бойынша отбасы мүшесінің түсініктемесі алынды. Аталған білімгер бұған дейін девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерге арналған профилактикалық есептерде тұрмаған, суицидке бейімділігі анықталмаған (толық мәліметтер қосымша)

Учаскелік инспектормен бірлесіп атқарған іс-шаралар

Талас АІБ ЖПҚ ЮПИ қызметкерлерімен бірге (соның ішінде колледжге бекітілген инспектор полиция аға лейтенанты Нұрсұлтан Бірлікпен) келесі жұмыстар жүргізілді:

- ✓ 1. Колледж оқытушылары мен қызметкерлерінің қатысуымен түнгі (21⁰⁰ - 24⁰⁰) уақытта рейд жұмыстары жүргізілді. Аталған жұмыстар нәтижесінде заңды өкілдерінсіз түнгі уақытта тұрғын-жайдан тыс жүрген кәмелетке толмаған колледждің білімгерлері анықталып, ата-аналары ескертілді;
- ✓ Дүйсенбі сайын колледж инспекторының тікелей қатысуымен сағ.8¹⁵ сап түзеу өтіп, өткен апта қорытындысы хабарланып, жаңа апатадағы міндеттер ескертілді;
- ✓ Сабаққа жиі кешігетіндермен жұмыс жүргізілді;

- ✓ Колледждің оқу ғимаратына қарасты алаңда , үзілісте және сабақ аяқталғанда ішкі және сыртқы тәртіп ережелерін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылған кезекшілікке күнделікті ат салысты;
- ✓ Колледждің ішкі есебінде тіркеудегі білімгерлердің мекен-жайы бойынша әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларымен танысу-зерделеу жұмыстары іске асырылды;
- ✓ Инспектордың қатысуымен атқарылған колледжішілік іс-шаралар, барлығы 6, соның ішінде:
 - А) Құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуға бағытталған іс-шаралар -7
 - Ә) Наркопост және өзге де жұқпалы аурулардың алдын алу – 1
 - Б) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасының орындалуы -11
 - В) Деструктивтік діни ағымдарға қарсы іс-шаралар- 2

Жайсыз отбасылар саны, ондағы балалар саны, олармен атқарылған жұмыстар

2019 жылдың 17 қазанында (тіркеу №754) хатпен бірінші курсқа қабылданған үш жасөспірімнің мәселесі аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның күн тәртібіне ұсынылды. Комиссия 2019 жылғы 14 қарашадағы №22 қаулысымен екі жасөспірімді (Қарабаев Алмасты және Олейник Анжеланы) «жайсыз отбасы» деп таныды. Аталған кәмелетке толмағандардың отбасымен тұрақты жұмыстар колледж және ЮПТ инсп Ж.Көпжасаров тарапынан тұрақты түрде жүргізілді. Екі отбасыда толық емес отбасы, жалғыз басты аналар. А.Қарабаевтың отбасында бір ғана бала, яғни өзі. А.Олейниктің отбасында үш бала, алдындағы екі ұл бала кәмелетке толған. Әр қайсысы бойынша тәлімгер тағайындалып, жұмыс жоспары қалыптастырылды. Аталған студенттерге бір реттік жаңа жылдық сыйлық (2500 теңгеге) берілді. А. Олейниктің отбасына күнделікті өмірде қажетті біршама киімдер (жаңа емес) тапсырылды. Білімгердің анасы О.Олейник колледж әкімшілігінің белсенділігімен аудан әкімдігінің жұмыспен қамту орталығына жұмыссыз ретінде тіркелді. Жайсыз отбасы ретінде тіркеудегі студенттердің медициналық-әлеуметтік есепке алу үшін Талас ауд. орталық емханасына 21.05.2020ж (№277) ұсыныс берілді.

Бірінші курс студенті Олейник Анжеланың негізсіз сабаққа қатыспауына байланысты, ҚР З «Білім туралы» 49 бабының 2 тармағының 4) тармақшасындағы міндеттерін (ата-аналар және өзге де заңды өкілдер балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті) орындамағаны үшін ата-анасы Олейник Оксана Сергеевнаны ҚР ӘҚБтК 1276 бойынша жауапқа тарту туралы іс колледж инспекторы Ж.Көпжасаровпен сотқа жолданды.

Өз тарапынан колледж әкімшілігі 2020 жылдың 11 ақпанында Талас АПБ –не «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР заңының 13 б.1т. басшылыққа ала отырып, кәмелетке толмаған Олейник Анжела Владимировнаны арнаулы білім беру ұйымына жіберу туралы ұсыным хат берілді.

2018-19 оқу жылында жайсыз отбасы болмаған. 2017-2018 оқу жылының I-жартысында жайсыз отбасыдан шыққан- 1 білімгер, Пак Екатерина Владимировна (22.09.2001ж. туылған) Білімгер тарапынан сабаққа негізсіз қатыспау 426 (төрт жүз жиырма алты) сағатты құраған. Колледж әкімшілігінің ұсынысы негізінде, 2018 ж. 24 мамырында ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия мәжілісінің №11 қаулысымен Е.Пак аудандық ІІБ ЖПҚ ЮПТ жайсыз отбасы тізімдік есебіне алынған. Комиссиямен белгіленген сынақ мерзімінде білімгер тарапынан құқық бұзушылық және колледждің ішкі тәртіп ережесіне қайшы әрекеттер (әрекетсіздіктер) орын алмағандықтан есептен шығарылды.

5.4.Дене шынықтыру және спортты бұқаралық дамыту жұмыстары

Колледжде спорттың жалпы 9 түрінен секция жүргізіледі, 6 спорт түрі колледжде, 3 спорт түрі мекемеден тыс спорттық секцияда өтіледі. *Спорт секциясына тартылған білімгерлердің жалпы саны 383 білімгер.* Колледжде бір спорт залы және бір спорт алаңы бар. Колледж қабырғасындағы 12 үйірмеге 157 білімгер қамтылған. Сонымен қатар, колледждің 35 білімгері ауданның еріктілер қозғалысының мүшесі ретінде, аудан және қала көлеміндегі іс-шараларды ұйымдастырудың алдыңғы қатарында белсенділік

танытуда.

Колледж қабырғасындағы спорт секциялары мен үйірмелердің тиімді жұмыс істеуінің арқасында колледж білімгерлері мен оқытушыларының бірлесе отырып жастар тәрбиесін қалыптастыру және патриоттық тәрбиені жақсарту мақсатында жоспарланған мәдени іс-шаралары өз деңгейінде өткізілуде

Білімгерлердің бос уақытын ұйымдастырылуы (колледждегі немесе колледжден тыс үйірме, спорттық секцияларға тартылғандар саны)

Кесте

Р/с	Білімгерлердің бос уақытын ұйымдастырылуы	2015-2016 оқу жылы	2016-2017 оқу жылы	2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 Оқу жылы
1	Спорт секциясы	191	245	200	240	301
2	Колледжден тыс спорт секциясы	8	15	47	37	82
3	Пәндік үйірме	125	110	96	114	81
4	Би үйірмесі	20	20	25	29	76
5	Бос білімгерлер	115	48	43	40	46
Жалпы		459	438	411	460	86

Колледждің үш білімгері Көгалдағы хоккейден Қазақстан Республикасының спорт шебері, бір білімгер қазақша күрестен спорт шеберіне кандидат, бір білімгер Асық ату спортынан жасөспірімдер арасындағы ҚР Чемпионы (2019-2020 оқу жылындағы білімгерлердің спорттағы жетістіктері қосымша- 25).

5.5.Топ жетекшілер кеңесінің жұмысы

Топ жетекшілер кеңесі оқу топтарында тәрбие сағаттары колледждің оқу тәрбие жұмыстарының жоспарына сәйкес жүргізілуін және оқу топтарында ашық тәрбие сағаттарының түрлі формада сапалы өтуіне өз көмегін тигізді.

Барлық оқу топтарында ашық тәрбие сағаттарының тақырыптары бекітілді. Кесте бойынша ашық тәрбие сағаттары өткізілді. 14 топ жетекші бекітілген кесте бойынша ашық тәрбие сағаттарын өткізсе, қашықтықтан оқыту кезеңінде 7 топ жетекші ашық тәрбие сағаттарын өтті.

*Топ жетекшілер кеңесінің жұмысы:*Топ жетекшілер кеңесінің төрайымы Ж. Салыбекова ай сайын топ жетекшілер кеңесінің отырысын ұйымдастырып, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда әдіс- тәсілдерді

жетілдіруде топ жетекшілеріне көмек көрсету, топ жетекшілерінің теориялық және практикалық базасын қалыптастыру, тәрбие жүйесін дамыту мақсатында жұмыстар жүргізілді.

13.09.2019 ж. И. Қожамбаева «Топ жетекшісінің тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары мен тәсілдері» тақырыбында баяндама.

16.10.2019ж. М. Жаңбырбай «Ата-аналар жиналысын өткізудің технологиясы» тақырыбында баяндама.

22.11.2019ж. А. Казимова «Топ жетекшілерге психология және педагогика мәселелері бойынша» тренинг сабақ

12.12.2019ж. М. Қырығызбаев «Сыныптан тыс үйірме жұмыстарын жүргізу арқылы білімгердің шығармашылық әлеуетін дамыту мәселелері» тақырыбында баяндама.

21.01.2020ж. А. Казимова «Отбасы ішіндегі зорлық көрсету және балалардың өзіне өзі қол жұмсауы» тақырыбында баяндама.

04.03.2020ж. «Ерте жүктіліктің алдын- алу шаралары» тақырыбында И. Қожамбаева Баяндама жасады.

5.6. Қашықтықтан оқыту кезеңінде жүргізілген тақырыптық тәрбие сағаттары мен жұмыстары

- ✓ Әлемде таралып жатқан вирусына байланысты колледж психологының ұйымдастыруымен басталған «Сурет салу және қолөнермен айналысу » тақырыбында эстафетасы жолданды.
- ✓ 0816-17-9б тобының білімгерлері, топ жетекшісі Б. Тұрсынова пандемияға қарсы «Біз біргеміз» «үйде бол» челленджі жолданды.
- ✓ 0816-18-9б тобының білімгерлері, топ жетекші И. Қожамбаева «ЕРІКТІ БОЛУ –ЕРЛІКПЕН ТЕҢ» тақырыбында қайырымдылық акциясын ұйымдастырып, әлеуметтік тұрмысы төмен үш отбасыға тұрмыстық қажет заттарын үлестірді.
- ✓ 0816-18-9б тобының білімгерлері, топ жетекші И. Қожамбаева «Біз біргеміз» Үйде болыңыз» челленджі жолданды.
- ✓ «Біз сабақтан тыс уақытымызды тиімді пайдаланамыз» тақырыбында білімгерлердің бос уақыттарында пайдалы іспен айналысып жатқандығы туралы видеоролик жасалды. Ол видеороликте 1305-17—9б тобы, топ жетекші Ж. Изтилеуова, 0816-17-9б тобы, жетекшісі Б. Таңатарова, 1201-

19-9 б тобы, жетекшісі М. Қырғызбаев, 1405-16-9б тобы, жетекшісі А. Шымырбекова, 0816-18-9б тобы, жетекшісі И. Қожамбаева, 0902-19-9б тобы, жетекшісі Б. Медеубаеваның топтары қамтылды.

- ✓ «Әль-Фараби және қазіргі заман» тақырыбында тәрбие сағаты өтілді. Тәрбие сағатына 0816-18-9б , 0816-17-9б, 0816-19-9б, 0707-17-9б, 1201-19-9б, 1401-17-9б топтары қамтылып ватсап желісінің видеосы арқылы тәрбие сағаттарын өтілді.
- ✓ «Дені саудың- жаны сау», «Шынықсаң шымыр боласың» тақырыбында дене жаттығуынан видеоролик түсірілді. Оған 0816-18-9б тобы, 0816-17-9б тобы, 1405-16-9б тобы, 1305-17-9б тобының білімгерлері қамтылды.
- ✓ Колледж жатақханасының білімгерлері халыққа «Біз біргеміз» Үйде болыңыз» тақырыбында өз челленджін жолдады.
- ✓ «Кітап оқу лидері» тақырыбында кітап оқу байқауы ұйымдастырылды. Оған 0816-18-9б тобы, 0816-17-9б тобы, 0816-19-9б тобы, 1305-17-9б тобының білімгерлері қатысты.
- ✓ «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында қазақтың атқа міну, ер-тоқым жасау дәстүрін дәріптеу мақсатында іс-шара жасалды. Оған 1305-17-9б тобы мен 0707-17-9б тобының білімгерлері атқа міну мәдениеті мен дәстүрін көрсетті.
- ✓ «Көктем-тіршілік бастауы » тақырыбында үй шаруаларына қолғабыс жасау акциясы ұйымдастырылды. 1305-17-9б, 1201-19-9б, 0816-18-9б, 0816-17-9б, 0816-18-11б, 0707-17-9б, 1401-18-9б, 1405-16-9б білімгерлері атсалысты.
- ✓ «Мақсат-КОРОНАВИРУСТЫҢ-таралуын ұзу, сондықтан мен үйдемін, мен жауаптымын» тақырыбында колледж психологы мен 0816-18-9б тобының білімгерлері челендж жолдады.
- ✓ Әз Наурыз мерекесіне орай колледж ата-аналары жылы лебіз бен баталарын берсе, 1201-19-9б, 1401-18-9б, 0816-18-9б, 1305-18-9б топтарының жалынды жастары барша қазақстан халқына және колледж қызметкерлеріне құттықтау тілектерін білдірді.
- ✓ «Ұлыстың ұлы күні мерекесіне орай «Шуақты көктем» атты онлайн сурет көрмесі өтті. Бұл байқауға 1305-17-9б, 0816-18-11б, 0816-18-9б, 0816-19-9б, 0816-17-9б тобының білімгерлері қатысып ерекше құштарлықпен өз өнерлерін көрсете білді.

- ✓ Ұрпақтар жалғасы ата-әке-бала/ «Қазақтың көне жәдігері-қамшы» тақырыбында қамшының түрлерін, оны өрудің дәстүрі көрсетілді. Байқауға 1-3 курс білімгерлер қамтылды.
- ✓ «1 мамыр –Ынтымақ күні» онлайн тәрбие сағаты бойынша /28.04.20ж/ барлық топ жетекшілер тәрбие сағаттарын өтті.
- ✓ «Наша дружба-наша единство»онлайн сурет байқауы бойынша /28.04.20ж/ 1 курс білімгерлері суреттер салу байқауына қатысты.
- ✓ «Қазақ елі –татулық мекені!» мәнерлеп өлең оқу бойынша 1305-17-9б, 0816-17-9б, 1401-17-9б, топтары қамтылды.
- ✓ 21.04.2020ж күнгі тәрбие сағатына қосымша « Әлімжеттік», «Кәсіптік бағдар беру» тақырыптары бойынша тәрбие сағаттары өтілді.
- ✓ «Мың тағзым, Ұлы Жеңіске!» Онлайн эссе байқауы бойынша 0902-16-9б, 0707-16-9б, 0806-16-9б, 1405-16-9б топтарының білімгерлері және топ жетекшілер А. Қылышбекова , И. Қазыбай, Л. Сулейменова , А. Шымырбековалар орындады. Эссе байқауы өңделіп колледждің әлеуметтік желілеріне салынды.
- ✓ «Ұрпақтар ұмытпайтын ұлы Жеңіс!» тақырыбында сурет салу байқауы өткізілді. Байқауға колледждің 1-4 курс білімгерлері қатысып, көрнекті суреттер сала білді.
- ✓ «Ұлтымыздың мақтанышы, үлкен рухтың иесі» тақырыбында 1-4 курс аралығында кураторлық тәрбие сағаты өтілді.
- ✓ «Ел қорғаған батырлар!» тақырыбында колледждің 3-4 курс білімгерлері шығарма жазу байқауы қатысып, өздерінің жазған шығармаларымен бөлісті.
- ✓ «Отты жылдар» оқу байқауы бойынша колледж білімгерлері мен Н. Бахытханқызы , Ж. Уртаева, А. Байжановалар білімгерлермен бірлесіп аталған тақырыпқа видеоролик түсірді.
- ✓ «Шебердің қолы ортақ» деген тақырып бойыншаА. Шоңов, Ж. Маселбек пен колледж білімгерлерімен мастер класс өткізу туындыларын жасады. Мастер классқа 3 білімгер қамтылды.
- ✓ «Ешкімде, ештеңе де ұмытылмайды!» тақырыбында онлайн шығарма байқауы бойынша 1201-17-9б, 0707-17-9б, 1405-17-9б, 0816-18-11б топтарының білімгерлері мен топ жетекшілері А. Сырғабаев , Н.Субинов , Е. Қамысбаев , Г. Жуманалиевалар берілген тақырыпты орындап шықты.

- ✓ «Мамандығым-мақтанышым» тақырыбында эссе жазу байқауына колледждің 2 курс білімгерлері қатысып, нәтижесінде 0816-1896 тобының білімгерлері Өмірәлі Д, Айып Ж, Айдарбекова М, Тілеуберді Ф, Юсупова А, Мекемтас С, Есенқұл Ұ өте жақсы эссе жаза білді.
- ✓ «Жауапкершілік-жетістіктер бастауы» тақырыбында 1-4 курс аралығында тәрбие сағаты өтілді.
- ✓ -«Отбасы -тәрбиенің басты ұясы» деген тақырыпқа дана ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай Абай өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқу бойынша 2 курс білімгерлері яғни 0816-18-96 тобынан Тазабековтер мен Айхожа отбасылары, 1405-18-96, тобынан Таубекөз отбасыларымен байқауға қатысты.
- ✓ «Отбасы-ұлт рухының айнасы» тақырыбында отбасы мүшелерінің қатысуымен тақырыптық тәрбие сағатын өткізілді.
- ✓ Қалаларды өзгертетін тың идеялар» тақырыбы бойынша колледждің 1 курс білімгерлері онлайн эссе жазды. Эссе байқауына 28 білімгер қатысты.
- ✓ «Студент өмірінің бір күні» деген тақырыпқа онлайн флешмоб өткізу жоспарланған. Оған колледждің ерікті жастары тақырыпқа сай флешмоб ұйымдастырып видеоролик жасады.
- ✓ «1маусым Халықаралық балаларды қорғау» күні мерекесіне орай қазақтың ұлттық «Бес тас» ойыны өткізілді. Оған колледждің белсенді жастары қатысып, үрдісті қайта жаңғырту насихаттады.
- ✓ 4 маусым ҚР мемлекеттік рәміздер күні мерекесіне орай «Қазақстан-тәуелсіз мемлекет» тақырыбында мәнерлеп оқу байқауы ұйымдастырылды.
- ✓ «Желбіреген көк байрағы елімнің» ҚР рәміздер күніне орай кураторлық тәрбие сағаты өтілді.
- ✓ «Елтаңба – іргелі елдігіміздің белгісі» тақырыбында 1-2 курс білімгерлері шығарма жазу байқауы қатысты.

5.7.«Қыздар -ай» қыздар кеңесінің жұмысы

«Қыздар-ай» қыздар кеңесінің мақсаты: Колледждегі әрбір қыз баланы, ибалылық сақтауға баулу, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәбие беру.

Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды

нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұлулық, махаббат, жақсы қарым-қатынастар сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу. Бұл қыз балалардың қамқорлық, ниет білдіру, жан жылулығы, аяушылық білдіруге тән белгілі бір сезімдерді бастан кешіруіне жағдай жасауға байланысты ұйымдастырылуда. Тек қана рухани тұрғыдан емес қыздарымызды ұлттық киім үлгісін және шаш өруге, мәдениеттілікке үйрету ескеріледі.

Колледждегі қыз балалардың тәрбиесіне, оларда заман талабына сай әйел идеалын қалыптастыруға және мінез-құлық критерийлерін нақты айқындауға ерекше көңіл аудару қажет.«Қыздар-ай» қыздар кеңесінің құрамы:

Сулейменова Лаура – оқытушы, кеңес төрайымы.

Мүшелері:

Сүлейменова Альмира – социолог

Казимова Маратова - психолог

Қожамбаева Индира - тәрбие орынбасары

М. Жаңбырбай - ЦӘК жетекшісі,

Н. Абдикаримова - медбике

Томан Ақнұр 0816-18-96 тобының білімгері

«Қыздар-ай»қыздар кеңесінің жетекшісі Л. Сулейменованың ұйымдастыруымен:

- ✓ 25.09.2019ж. күні «Білімгерлердің арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктері» колледждегі барлық қыз балаларымен кездесу;
- ✓ 09.10.2019ж. күні «Сүт бездерінің қабынуы» және «Некесіз жүктілік» тақырыбында салауатты өмір салты орталығының мамандарымен және гинеколог маманымен кездесу;
- ✓ 27.10.2019ж күні «Рухани жаңғыру аясында» ұлттық құндылықтарын дәріптеу мақсатында «Бүгінгі қыз-ертеңгі болашақ ана» тақырыбында ТАОА мамандармен кездесу;
- ✓ 12.11.2019 ж күні «Маған өмір қымбат» тақырыбында жүктіліктің алдын алу жолдары мақсатында пікір-сайыс ;

- ✓ 19.12.2019ж күні «Ренішті қалай кешіруге болады» колледж психологымен тренинг;
- ✓ 30.01.2020ж. «Қыз баланың гигиенасы» тақырыбында салауатты өмір салты орталығының мамандарымен және гинеколог маманымен кездесу;
- ✓ 12.02.2020ж. Суицидтің алдын алу мақсатында « Жастар арасындағы суицид: себептер мен салдарлар» тақырыбында білімгерлермен кездесу өтті. Іс-шараға ауд аурухана психологы Сағынбекова А және Талас, ЖПК әйелдерді зорлық –зомбылықтан қорғау тобының аға инсп. пол. мойоры А.Қошқаров қатысты;
- ✓ 04.03.2020ж. «Ерте жүктіліктің алдын- алу шаралары мақсатында «Арыңды сақта бойжеткен» тақырыбында колледж ата-аналар комитеті мүшелері және көп балалы аналармен кездесу өтілді.

5.8.Колледж жатақхана кеңесінің жұмысы

2019-2020 оқу жылында колледж жатақханасына 33 білімгер өтініш жазып орыналасты, оның ішінде 8 білімгер Ақкөл жатақханасында. Қазіргі таңда 33 білімгер турып жатыр. Оның ішінде 13 қыз бала, 20 ер бала.

Жатақханада кәмелеттік жасқа толмаған білімгерлер саны: 12

Кәмелеттік жасқа толған білімгерлер саны: 21

Жатақханадағы шаруашық жұмыстарын комендант Мусаева Қ. тәртіпті қадағалау жұмыстары бойынша Б.Сембина, Қаржаубаева Г, Э.Айдашова жұмыс атқарады.

Білімгерлерге жан-жақты әлеуметтік тұрмыс жағдайы жасалған.

Колледж жатақханасы қоғамдық жататын орын болғандықтан оған өте көп көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, жатақхана демалыс орнын, асханасын, жуынатын бөлмесін санитарлық – гигиеналық талаптарына сай жабдықтылып, жатақхана іші, сырты және бөлмелердің тазалығын, мүліктердің сақталуын және төсек-жабдықтарының уақытылы ауыстырылып отыруын үнемі қадағалау жолға қойылған.

Қысқы және жазғы демалыс кезеңдерінде бөлмелерді ағымдық жөндеуден өткізу және жатақхана бөлмелерін жылу беру кезеңіне дайындау колледж тарапынан жүргізіліп отырады.

Жыл басында тәрбие жұмысының жоспары бекітіліп, білімгерлер

кеңесі сайланып, білімгерлер жатақхана және колледждің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылды.

Жатақхана әкімі: Серікбаева Ару

Әкімнің орынбасары: Омар Айжан

Тазалық секторы: Ідан Сайына

Спорт секторы: Көпбосынов Бекзат

Редколлегия мүшесі: Әділ Ұлдана, Сатан Жандос, Әлжаппар Аслан

Қыздар алқасы: Серикбаева Мадина

Мәдениет секторы: Таубек Әлсейт, Айдарханов Рамазан

Жатақханадағы білімгерлер бос уақыттарында жоспарланған әр түрлі іс-шараларға қатысып отырады. Тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстар жатақханада өз деңгейінде жүріп отырады.

Әлеуметтік -педагог А.Сулейменованың ұйымдастыруымен жоспарға сәйкес кеңес отырысы жүргізіліп, оқу залы ағымдағы басылымдар және кітаптармен толықтырылып отырды.

Білімгерлерге демалып, сабақ даярлау үшін барлық жағдай жасалынған.

Жатақханада жататын білімгерлердің сабағын қадағалап, оларға кеңес беріп отыратын оқытушылар кезекшілікке күн сайын сағат 19⁰⁰ - 22⁰⁰ уақыт аралығында келеді. Осы кезекшілікке жауапты қараған оқытушыларды айтып өтсек: Қожамбаева И., Таңатарова Б., Салыбекова Ж., Анарбекова С., Нұрлыбаева Ж., Асанова Н.

2019 жылдың қыркүйек айында жатақхана кеңесінің мәжілісі өтті. Мәжіліске қатысқандар жатақхана коменданты Қ.Мұсаева, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Ибраимов, колледж педагог-психологы М.Нұрымбетова, әлеуметтік педагог А.Сулейменова және студенттер.

2019 жылдың қыркүйек айында тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Ибраимовтың қатысуымен «Мен және менің құқығым» құқықтық тәрбие өтті.

2019 жылдың қыркүйек айында «Жатақхана тынысы» атты тренингін Жастар ресурстық орталығы өткізді.

2019 жылдың қазан айында колледж медбикесі Н.Абдикаримованың қатысуымен «Денсаулық-келешек кепілі» тұмаудың алдын алу медбикемен сұхбат өтті.

2019 жылдың қазан айында «Әдеп жолы әріден басталады» атты тәрбие

сағатын әлеуметтік педагог А.Сулейменова өткізді.

2019 жылдың қараша айында колледж психологы А.Казимова «Жатақхана өмірі» әлеуметтік-психологиялық сауалнама алды.

2019 жылдың қараша айында жатақхана кеңесінің кезектен тыс отырысы өтті. Мәжіліске қатысқандар құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Ибраимов, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары И.Қожамбаева, педагог-психолог А.Казимова, әлеуметтік педагог А.Сулейменова, колледж медбикесі Н.Абдикаримова, жатақхана коменданты Қ.Мусаева, кір жуушы операторы Ж.Оразбекова, вахтершілер Э.Айдашова, Г.Қаржаубаева, Б.Сембина, еден жуушы А.Айдашова және студенттер.

2019 жылдың қараша айында құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Ибраимовтың қатысуымен «Қылмыстық құқық бұзушылықты алдын алу» дөңгелек үстел қткізілді.

2019 жылдың желтоқсан айында «Сіз СПИД- жайында не білесіз» атты колледж медбикесі Н.Абдикаримованың қатысуымен тәрбие сағаты өтті.

2020 жылдың қаңтар айында «Сүйкімді дүние сұлулықта» атты қыздарай клубының жетекшісі Л.Сулейменова қыздармен сұхбат әңгіме жүргізді.

2020 жылдың қаңтар айында «Дос болайық бәріміз» атты тренинг колледж психологы А.Казимова өткізді.

2020 жылы қаңтар айында «Бір шаңырақ астында» атты тренинг колледж психологы А.Казимова өткізді.

2020 жылдың ақпан айында Құқықтық тәрбие отбасынан басталады атты дөңгелек үстел құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Ибраимов өткізді.

2020 жылдың ақпан айында «Қызықты көңіл, студенттік өмір» атты тренинг колледж психологы А.Казимова өткізді.

2020 жылдың наурыз айында «Қыз тәрбиесі –ұлт мәртебесі» атты дөңгелек үстел өтті.

Жатақхана білімгерлері үнемі қоғамдық іс-шараларға тартылып отырды.

5.9.Жастар ісі жөніндегі комитетінің жұмысы

Қазақстан болашағы – жастар. Жастар - өткен заманның айнасы, келешектің нысанасы. Жастарға қарап біз алдымыздағы болашақты

болжаймыз.

Қазіргі кезде жастарды тәрбиелеу ең күрделі әлеуметтік мәселе қатарына жатады. Себебі біліктілігі жоғары мамандар дайындау дегеніміз - оқуды ғана жақсы жолға қою емес, сонымен қатар тәрбие жұмыстарын да дұрыс ұйымдастыру, білімгерлердің өз күштерін іске асыруына м Колледж білімгерлерінің сабақтан тыс уақытын тиімді және жан-жақты ұйымдастыру мақсатында клубтар мен үйірмелер және спорттың түрлерінен секциялар жұмыс жүргізеді. Оқу жылының басынан колледж қабырғасындағы 12 үйірмеге 114 білімгер, 9 спорттық секцияға 383 студент қатысады. Нәтижесінде колледж білімгерлерінің 81,95 пайызы аталған бағытта қамтылған.

Осы секциялар мен үйірмелердің тиімді жұмыс істеуінің арқасында колледж білімгерлері мен оқытушыларының бірлесе отырып жастар тәрбиесін қалыптастыру және патриоттық тәрбиені жақсарту мақсатында жоспарланған мәдени іс-шаралары өз деңгейінде өткізілуде.

Колледждің жастар ісі жөніндегі комитетінің 2019-2020 оқу жылындағы атқарған жұмысы туралы іс-шаралар қосымша 4көрсетілген . Оқу жылының басында жастар ісі жөніндегі жылдық жоспар, волонтер жоспары және волонтерлар ережесі жасалып, бекітілді.

- ✓ «1-қыркүйек білім күніне» арналған салтанатты жиын өткізілді.
- ✓ 1 курс білімгерлері іріктеліп, жалпы колледж волонтерлар құрамына жасақталды, волонтерлар ережеге сәйкес жалпы білімгерлердің 75% құрады.
- ✓ Оқу жылының басында өзін-өзі басқару комитеті сайланып, 0816-18-96 тобының білімгері Айдарбекова Мақпал болып бекітілді.
- ✓ ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың халыққа жолдауын насихаттау бойынша Талас жастар орталығының қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында білімгерлер Президент жолдауымен жан-жақты танысты.
- ✓ Жыл бойына колледж территориясы мен колледжге бекітілген жерлерді көгалдандыру ісі жүргізіліп отырды.
- ✓ 5-қазан «Мұғалімдер» күніне арналған салтанатты іс-шара ұйымдастырылды.

- ✓ «Жастар жылы» және «Волонтерлар жылы» аясында студенттер арасында дебат турнирлері С.Аптауованың бастауымен ұйымдастырылды.
- ✓ «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру аясында білімгерлердің арасында флешмоб, акциялар, байқаулар үздіксіз жүргізіліп отырды.
- ✓ 28-қазан І курс білімгерлерінің арасында «Күзгі бал» шоу-байқауы өткізілді.
- ✓ 14-қараша «Сәлем, 1 курс студенттері!» атты 1 курс студенттерін білімгерлер қатарына қабылдау рәсімі ұйымдастырылды. Білімгерлерді колледж дәстүрімен таныстырып, студенттік ант қабылданды.
- ✓ «Жастар жылының» аяқталуына байланысты желтоқсан айында білімгерлер арасында флешмоб ұйымдастырылды.
- ✓ 1-желтоқсан «Тұңғыш президент» күніне салтанатты жиын ұйымдастырылды.
- ✓ 14-желтоқсан «Лаула, лаула желтоқсанның мұзда жанған алауы» атты желтоқсан оқиғасына қатысушыларымен және тәуелсіздік құрдастарымен кездесу өткізілді,
- ✓ 15-желтоқсан «Тәуелсіздік күніне» салтанатты іс-шара ұйымдастырылды.
- ✓ 31-желтоқсан Жаңа жыл мерекесіне арналған «Шырша шырағын жағу» атты колледж қызметкерлерінің балаларына мерекелік думан өткізілді.
- ✓ 12-қаңтар «Кітапты өзің оқыда, келесіге бер!» атты аудандық кітапханадағы букросинг іс-шарасы өткізілді.
- ✓ «Рухани жаңғыру» бағыты бойынша және ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылды қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арнауды тапсырды. Соған орай ағымдағы жылдың 3 ақпанында #Abai175 хетшегімен түрлі іс-шаралар өткізілді (шығарма жазу, мәнерлеп өлең оқу, ақындар мүшәйрасы, эстафеталар, флэшмоб) және іс-шараларға колледж қызметкерлері мен білімгерлер қамтылды.
- ✓ 7 ақпанда колледж волонтерлары «Рухани жаңғыру» және «Волонтер жылы» аясында «Біргеміз» деп ұрандап, жыл басындағы алғашқы

көмектерін Талас аудандық қарттар үйінен бастады. Сабақтан тыс уақыттарын тиімді пайдаланып, қарттардың көңілін көтеру үшін тәттілер пісіріп, түскі ас берді. Сонымен қатар, қыздар ыдыс жуып, гүлдерді суғарып, жуылған кірлерді жинаса, ұлдар ауланы тазалады.

- ✓ 1-наурыз «Алғыс айту» күніне орай «Рахмет саған, Отаным!» атты флешмобы ұйымдастырылды.
- ✓ 1-наурыз «Алғыс айту» күніне орай Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің волонтерлары қарттар үйінен бастап, ірі сауда үйі мен орталық базарға барып жергілікті тұрғындарға құттықтау тілек жазылған ашықхаттар таратты.
- ✓ 3-наурызында колледж директоры мен колледж волонтерларының кездесуі өтті. Кездесу барысында атаулы жылдарға байланысты іс-шаралардың ұйымдастырылуы талқыланды. Кездесу барысында қала тұрғындарының тұрмыс-тіршілігіне зерделеу жасап, волонтерлар тарапынан көмектің қай түрін көрсетуге болатыны анықталды.
- ✓ 3-наурыз «Әлемнің екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай «Парасат майданы» дебат клубының және колледж білімгерлерінің қатысуымен «Бақыттың мәні – парасаттылықта» тақырыбында пікірталас өткізілді.
- ✓ 7-наурыз «Халықаралық әйелдер күніне» орай салтанатты іс-шара ұйымдастырылды.
- ✓ 27-наурызда «Көктем – тіршілік бастауы» акциясы ұйымдастырылды. Акция барысында білімгерлер қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша көктем мезгіліндегі тазалық сенбілік жұмыстарын үйлерінен бастады.
